



ТАБЫС КӨЗІН БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ



2026 жылдың 1 қаңтарынан салық органдары қазақстандықтардың табысын жаңа тәсілмен есептейді. Экономист Алдияр Саматовтың айтуынша, бұл өзгерістің әрбір қазақстандыққа әсері болады.

(Жалғасы 3-бетте)

МАЛ АУРУЫНЫҢ ТАРАЛУЫ – ӘЛЕУМЕТКЕ ҚАТЕР

Қоғам назарында көбіне экономика, энергетика немесе қорғаныс салалары жүреді. Алайда ұлттық қауіпсіздіктің іргесін бекітетін, бірақ көп жағдайда көлеңкеде қалып қоятын жүйелер бар. Соның бірі – ветеринария қызметі.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында өткен Үкімет сағаты осы саланың ел тағдырындағы стратегиялық маңызын тағы бір мәрте айқын көрсетті. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің бастамасымен ұйымдастырылған жиын ветеринария қызметінің бүгінгі жай-күйін талқылап қана қоймай, оны жаңғыртудың жүйелі бағыттарын айқындады десе болады. Алқалы жиынға Сенат депутаттары, Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығы, халықаралық ұйымдар, ғылыми мекемелер мен өңірлік ветеринария қызметтерінің өкілдері қатысты.

Отырысты ашқан комитет төрағасы Әли Бектаев ветеринария қызметінің мәнін дәстүрлі шеңберден кең қарау қажеттігін атап өтті. Бұл орайда сенатор бүгінгі жағдайда биологиялық қауіпсіздік – ұлттық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі екеніне назар аударта келіп:

– Ветеринариялық қызметті дамыту – салалық міндет емес, мемлекеттің стратегиялық жауапкершілігі. Мал басының артуы, экспорт бағыттарының кеңеюі, климаттық тәуекелдердің күшеюі бұл жүйенің жедел, сапалы әрі ғылыми негізде жұмыс істеуін талап етеді. Адам денсаулығы, азық-түлік нарығының тұрақтылығы және еліміздің халықаралық беделі тікелей осы салаға байланысты, – деді Бектаев мырза.

Шынында да, ветеринариядағы бір олқылық тұтас өндірістік тізбекті күйретуі мүмкін. Ауру мал – экономикалық шығын ғана емес, экспорттық шектеу, әлеуметтік тұрақсыздық, халық денсаулығына төнген қауіп. Үкімет сағатында баяндама жасаған Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Аманғали Бердалининнің айтуынша, саланың даму қарқыны ауыл шаруашылығының өсу динамикасына ілесе алмай отыр. Жалпы эпизоотиялық жағдай, зертханалық инфрақұрылым, материалдық-техникалық база және цифрландыру барысында соңғы жылдары белгілі бір өзгерістер бар.

(Жалғасы 5-бетте)

«ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК»

Қара жолдағы қауіпсіздікті сақтаудың маңызы зор. Соған орай Түркістан облысында «Жол қауіпсіздігі – ортақ жауапкершілік» деген тақырыпта форум өткен еді. Бұл жиынға әкімдік пен құқық қорғау, прокуратура өкілдерімен бірге, қоғамдық көлік жүргізушілер, студенттер арнайы шақырылған болатын. Аймақтағы барлық өзекті мәселелерді қоғам болып бірігіп талқылау – бізде қалыпты дәстүрге айналғанынан көпшілік жақсы хабардар. Мұндағы мақсат бүкіл қоғамды алаңдатып отырған жол қауіпсіздігі мәселесін көп болып бірге талқылау, түйткілдің шешімін табу.

Ел мен елді, ауыл мен ауылды жалғайтын да, байланыстыратын да – жол. Алайда осы қара жол соңғы жылдары қайғының ошағына айналып барады. Жол апаттарының көбеюінен қаншама отбасы қара жамылып, қаншама жан зардап шегіп жүр.

Сөзіміз негізді болу үшін статистиканы сөйлетіп көрейік. Мәселен, 2023–2025 жылдары облыста 3 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Оның ішінде 4 103 адам әртүрлі дәрежедегі дене жарақатын алса, 825 адам мезгілсіз көз жұмған. Зерттеулер көрсеткендей мұндай апаттардың басым көпшілігі ау-

дандық маңызы бар жолдарда (187), елді мекендерде (159), республикалық (127), облыстық маңызды жолдарда орын алған (51).

Осындағы әрбір санның артында адам тағдыры тұр. Сондықтан жолдағы апаттарға бей-жай қарауға болмайды. Себебі, қара жолдың құрбаны болғандар бәрімізге бөтен емес, біріміздің жақынымыз, біріміздің танысымыз, әріптес, көршіміз. Апаттан кейін жарымжан болып, өзгелердің көмегіне мұқтаж болып қалғандар да күнделікті өмірде өзімізбен иық тіресіп қатар жүрген адамдар.

Олар да біз секілді ертеңгі күніне жоспар

құрды, алдына үлкен мақсат қойып, арманына жетуге асықты. Ал бір жауапсыз жүргізушінің кесірінен арманы аяқасты болған жандардың сұрауы кімнен? Қауіпсіздікті ескермеген бір жүргізушінің қателігінен талай отбасы тіреуінен ажырап, талай бала қорғаныссыз, қамқоршысыз қалып жатыр. Жол апаты мәселесін көтергенде біз осы жағына тереңірек көңіл бөлуіміз керек. Әрі жолдағы жүргізушіге де, жүргіншіге де ой салып, қара жолдың қатені кешірмейтінін ескертіп отыру міндетіміз.

Тәжірибеден түйгеніміз, өңірдегі жол апатының туындауына жүргізушілердің көлікті жоғары жылдамдықпен басқарып, қарама-қарсы беттегі көлікпен соқтығысуы (270), жаяу жүргіншілерді қағуы (188), көлікті игере алмай аударылуы (185) себеп болып отыр. Ал оның түпкі тамыры – құқықтық мәдениеттің, көлік жүргізу мәдениетінің кемдігіне, жауапсыздыққа байланысты.

Тәуелсіздік алғалы зайырлы, құқықтық мемлекет құруға батыл қадам жасаған елде

жолда жүру мәдениетін әлі күнге орнықтыра алмай келеміз. Тұрғындар жол ережесін сақтаудың қарапайым әліппесін білмейді немесе сақтағысы келмейді. Айталық көлікке мінсе, өзін әлемнің тұтқасын ұстап отырғандай сезінетіндер бар. Жылдамдықты асырып, жол бермейтіндер де, біреу байқаусызда алдын қиып кетсе көліктің соңынан қуып жетіп былапыт сөз айтып, жаға жыртысып, апаттық жағдай туғызатындар да солар. Мұндай жүргізушілерде «Жол – ортақ, бәріне түсіністікпен, кешіріммен қарау керек» деген ой жоқ. Міне, осындай тоғышарлық түбі жол апатына алып келеді. Сондықтан, әрбір отбасы көлік – барлықтың, байлықтың белгісі емес, күнделікті қажеттілік құралы екенін ұл-қызының санасына құйып өсіргені жөн. Расында көлікті дұрыс пайдалансақ – игілік, бұрыс қолдансақ – қиындық.

(Жалғасы 2-бетте)

2-бет

Бүгінгі магистранттар – ертеңгі басқарушылар

5-бет

Дәрігерлер құқығы қорғалады

8-бет

Банкирдің өлімі

МӘСЕЛЕ

«ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ – ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Көлік мінуді өзгелерден ерекшеленудің, өзіңді артық көрсетудің мүмкіндігі деп ойлау – сананың төмендігі. Сондай адамдар баласы 18-ге тола салса, жүргізуші куәлігін әперіп жатады. Мысалы, биыл облыста 17 349 адам куәлік алса, соның 10 пайызы 18 жасқа тола салып куәлікке ие болған екен.

Жүргізуші куәлігінің болғаны жақсы. Бірақ, жол қауіпсіздігін, жауаптылығын сезінбеген, жолда жүру мәдениетін жетік үйренбеген балаға куәлік беру – өз жақыныңның басын қауіп-қатерге тіккенмен бірдей. Өмірін енді бастаған жастардың жол апатында мезгілсіз көз жұмуы – ең әуелі оларды ақылға салмаудың, керек кезінде тыйып отырмаудың салдары. Мұндай қайғылы жағдайлардың алдын алу үшін автомектептердің жұмысын қадағалап отыру маңызды. Автомектептер тек жол ережесін үйретіп, көлікті жүргізудің әдіс-тәсілін меңгертумен шектелмей, жолда жүру мәдениетін, жолдағы жауаптылықты, қауіпсіздік қағидаларын оқытқаны абзал.

Мәселен, Түркістан облысы бойынша жүргізушілерді дайындайтын жалпы 35 автомектеп бар. Олардың жұмысы тек ақпарат берумен шектеледі. Бар болғаны қызметін бастағаны жөнінде Халыққа қызмет көрсету орталығына хабарлама береді. Бұл мектептер арнайы бір жерге барып тіркелмейді, тек «Автомектеп» ақпараттық жүйесінде дерегі шығып тұрады. Ал не оқытып жатқаны, болашақ жүргізушілердің санасын оятатын, жауаптылығын арттыратын қандай дәрістер қарастырылғаны, оларға кімдердің сабақ

беретіні белгісіз. Жол апатының алдын алу үшін біз осы мектептерге де көңіл бөлуіміз керек.

Осы ретте мына бір ұсынысты қоғам болып талқыласақ артық болмайды. Қазір жастардың бәрі жүргізуші куәлігін алуға ұмтылады. Сұраныс жоғары болған соң, автомектептердегі оқу құны да арзан емес. Ал бұрын тракторшы, шопыр секілді мамандықтарды мектеп қабырғасында, жоғары сынып оқушыларына оқытатын. Еңбек сабағы осылайша балалардың қосымша мамандық алып шығуына мүмкіндік беретін. Дәл осы тәжірибені жаңғыртсақ ұтымды болар еді.

Тұрғындар жол ережесін сақтаудың қарапайым әліппесін білмейді немесе сақтағысы келмейді. Айталық көлікке мінсе, өзін әлемнің тұтқасын ұстап отырғандай сезінетіндер бар. Жылдамдықты асырып, жол бермейтіндер де, біреу байқаусызда алдын қиып кетсе көліктің соңынан қуып жетіп былапыт сөз айтып, жаға жыртысып, апаттық жағдай туғызатындар да солар. Мұндай жүргізушілерде «Жол – ортақ, бәріне түсіністікпен, кешірілмен қарау керек» деген ой жоқ. Міне, осындай тоғышарлық түбі жол апатына алып келеді.

Біріншіден, бұл еңбек сабағының беделін көтереді. Оқушылар еңбек сабағына үлкен қызығушылықпен, ынтамен қарайтын болады.

Екіншіден, балалардың мектептегі уақытын тиімді пайдаланып, қосымша кәсіп меңгеруіне жол ашылады.

Үшіншіден, сабақ тегін болғандықтан, ата-ананың да, баланың да қаржысы үнемделеді.

Төртіншіден, мектепте жүргізуші куәлігін алған, немесе өз қалауы бойынша заманауи курстарды оқыған балалар жаман әдетке дағыланбай, өз ақшасын өзі табуға қол жеткізеді.

Әрине, бұл автомектептерді толық жауып тастау деген сөз емес. Тек жүргізушілікті мектеп бағдарламасына енгізген жағдайда дәрістердің қалай ұйымдастырылатынын, өтетінін бақылау оңай болар еді. Автомектептерді бақылау, жүргізуші куәлігін алудың жауаптылығын арттыру – жол апаттарының алдын алудың бір тетігі.

Жалпы, жол қауіпсіздігін сақ-

тауды құзырлы органдардың міндеті деп үстірт қарау дұрыс емес. Жолдағы апаттың алдын алу – қоғамдағы әрбір азаматтың түсінігіне, мәдениетіне байланысты.

Мысалы, әлемде Ұлыбритания елі жолда қаза болғандардың саны бойынша ең төменгі орында. Бұл елде көлік рөлінде отырып телефон қарамақ түгілі, тамақ ішуге, темекі шегуге де болмайды. Ал АҚШ-та



Мұрат ТЛЕУБЕРДИЕВ,
Түркістан облысының
прокуроры

ұялы телефон ұстап, техниканы тізгіндеуге тыйым салынған. Тұрғындар осы ережеге бағынғандықтан, апат аз. Яғни, жүргізушілер мен жүргіншілер тәртіп сақтаса, апат та орын алмас еді.

Әрине, бұл жауаптылықты қоғамға итеру дегенді білдірмесе керек. Бүгінде әкімдік те, полиция департаменті мен прокуратура да жол апаттарының алдын алу, жол қауіпсіздігін сақтау бойынша кешенді жұмыстарды үздіксіз жүргізіп келеді. Мысалы, Түркістан облысының прокуратурасында өңірдегі жол-көлік оқиғаларының жағдайы мен себептерін талқылау мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдар басшыларының қатысуымен тұрақты түрде кеңес өткізіліп тұрады. Бұл мәселе облыс әкімдігі алаңында да қаралып, жолдардағы жағдайды жақсарту жөнінде бірқатар ұсыныстар әзірленген болатын.

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша облыс аумағында жолдардағы 160-қа жуық осал нүкте, яғни «апатты учаскелер» анықталды. Жауапты тұлғалармен бірге осы «апатты учаскелерді» аралап, жол-

көлік оқиғаларының себептерін талдау мақсатында арнайы жұмыс тобы құрылған еді. Сонымен қатар, бір жыл ішінде 5-тен 90-ға дейін қайталама әкімшілік құқық бұзушылық жасаған 2437 автокөлік жүргізушісіне қатысты профилактикалық түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру қала және аудан прокурорларына міндеттелген болатын. Былай қарасаңыз, жол ережесін бұзғандар аз айыппұл төлемейді. Бірақ тәжірибе көрсеткендей ортақ тәртіпке бағынбайтындарды жоғары айыппұл да тоқтата алмайтын боп тұр. Соған қарамастан біз түсіндіру, сақтандыру шараларын бір сәт те назардан тыс қалдырмаймыз.

Полиция органдарына да апаттылық қауіп жоғары жерлерде патрульдік қызметті күшейту туралы нұсқау берілген.

Бұған қоса жол апатының алдын алу мақсатында жасанды интеллект мүмкіндіктерін енгізу және пайдалану мәселесі қаралуда.

«Темірден болар көлігің, темірден болар өлімің» дегенді Майқы би бабамыз осыдан үш ғасыр бұрын айтқан екен. Не деген көрегендік. Соңғы уақыттардағы жан түршігерлік апаттарды қарап отырып атақты бидің даналық сөзі ақиқатқа айналған ба деп ойлайсың. Осы ретте «Жол қауіпсіздігі – ортақ жауапкершілік» деген тақырыпты талқыға салған форум қатысушыларға ой салып, санаға сілкініс тудырғанына сенімдіміз.

Жолдағы қауіпсіздік – өте маңызды мәселе. Бір ғана қателік өз өміріңізге ғана емес, өзге отбасыларға да ауыр қайғы әкелуі мүмкін. Сондықтан әр азамат қауіпсіздіктің алдын алу керек.

Мемлекет үшін әр тұрғынның орны бөлек. Соған орай өз өмірлеріңізге бейқам қарамаңыздар! Жол апаттарының алдын алу – бәрімізге ортақ міндет. Қара жолдағы бір сәттік қателіктің бірнеше жанның тағдырын өзгертіп жіберуі мүмкін екенін ұмытпаңыздар. Асығыс қадам алысқа жеткізбейді. Арманыңызға аман жету үшін жолда абай болыңыздар!

БІЛГЕН ЖӨН

АР-НАМЫСҚА НҰҚСАН КЕЛТІРГЕНДЕР ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Адамның қадір-қасиетіне, ар-намысына, іскерлік беделіне, нұқсан келтіргендерге жауапкершілік заңмен көзделген.

Азаматтық кодекстің (АҚ) 143-бабы ар-намысты, қадір-қасиетті және іскерлік беделді қорғауға арналған. Осыған орай айтар болсақ, әрбір адам өзінің ар-намысына немесе қадір-қасиеті мен іскерлік беделіне нұқсан тигізген мәліметті теріске шығаруды сот тәртібімен талап ете алады. Егер мұндай мағлұматтар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылған жағдайда олар сол ақпарат құралдарында өз жауаптарын ақысыз жариялауға құқылы.

БАҚ азаматтың немесе заңды тұлғаның жауабын жариялаудан бас тартса, онда іс сотта қаралады. Заң талабы бойынша жарияланым бір айдан кешіктірілмей жариялануы тиіс. Егер мағлұматтар ұйымның құжатында орын алса, олардың шындыққа жанаспайтындығы туралы тиісті адамға міндетті түрде хабарлануы және ол құжат алмастырылуы немесе кері сұратып алынуы керек. Заң тәртібі орындалмаған кезде оларды теріске шығару ретін сот белгілейді.

Ар-намыс, қадір-қасиет, іскерлік беделді қалпына келтіруге қатысты шығарылған сот шешімінің орындалуы – міндет. Орындалмаған жағдайда сот тәртіп бұзушыға азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген мөлшерде айыппұл салады. Тәртіп бұзушы айыппұл төлеумен құтылмайды. Сонымен қатар, ол сот шешімімен белгіленген әрекетті де орындауға міндетті. Осы баптың 6-бөлігінде көзделгендей, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне кір келтіретін мағлұматтар таратылып кеткен жағдайда соның салдарынан келтірілген залал мен моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге болады.

143-баптың азаматтың іскерлік беделін қорғау туралы қағидалары тиісінше заңды тұлғаның іскерлік беделін қорғауға да қолданылады. Бірақ, бұған моральдық зиянды өтеу туралы талап кірмейді. АҚ-нің 951-бабы 3-тармағының 3) тармақшасында моральдық зиянды өтеу негіздерінің бірі ар-намысқа, қадір-қасиетке және іскерлік беделге нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату болып табылатыны көрсетілген. Заңды тұлғаның іскерлік беделі АҚ-мен бекітілген тәртіп бойынша залалдың орнын толтыру туралы қағидалар қолданыла отырып қорғалады.

Ар-намыс, қадір-қасиет пен іскерлік беделге кір келтіретін мәліметтерді таратқан адамды анықтау мүмкін болмайтын да жағдайлар кездеседі. Ондай кезде адам өзі жөнінде таратылған ақпараттарды шындыққа сай келмейді деп тану туралы сотқа жүгінуге құқылы.

ҚР Жоғарғы Сотының жоғарыда аталған қаулысына сәйкес, ар-намыс пен қадір-қасиетке нұқсан келтіретін мәліметтердің шындыққа сай келмейтіні анықталса, жауапкердің осы мәліметтерді таратуда кінәсінің болу-болмауына қарамастан, оларды теріске шығару міндеті жауапкерге жүктеледі.

Әсет БОРАНБАЕВ,
Алматы қаласы
Алмалы аудандық №2 сотының судьясы

БІЛІМ



БҮГІНГІ МАГИСТРАНТТАР – ЕРТЕҢГІ БАСҚАРУШЫЛАР

Біз өмір сүріп отырған қоғам үшін логистер мен экономистердің белсенділігі аса қажет. Себебі, ресурстарды тиімді пайдалануды және оларды жүйелі басқаруды қамтамасыз етіп отырған осы мамандар. Бұл екі мамандықтың бірінсіз бірін елестете алмаймыз. Экономистер қоғамның дамуын дұрыс жоспарлап, нақты бағыт көрсететін болса, логистер сол жоспардың шынайы өмірде іске асу жолдарын қарастырады. Бұл екі мамандық біріге отырып қоғамның тұрақты дамуы мен халықтың өмір сапасын арттыруға қызмет етеді.

Қазақстанның ғылыми білім беру және инновациялық дамуының жетекші орталықтарының бірі ретінде әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті аталған мамандарды дайындауда алғашқы орында. Университет – стратегиялық ойлай алатын және әлемдік экономиканың қарқынды өзгермелі жағдайында тиімді жұмыс істей алатын мамандарды даярлаудың жоғары стандарттарын қалыптастырып келеді. Бүгінде ҚазҰУ – тек академиялық дәстүрді сақтаушы ғана емес, экономистер мен логистердің жаңа буынын қалыптастырушыға айналып отыр.

Университет құрылымында «Экономика және бизнес жоғары мектебі» ерекше орын алады. Дәл осы факультетте экономикалық үдеріс-

терді талдай алатын, жобаларды тиімді басқаратын және бизнес саласында тың шешім таба білетін мамандар жан-жақты даярланады. Білікті және тәжірибелі профессор-оқытушылар құрамы саланың қыр-сырына қанық етеді. Оқу бағдарламалары магистранттардың тек теорияны меңгеріп қана қоймай, оны нақты тәжірибеде қолдануына бағытталған. Сонымен қатар тәжірибелі, іс жүзінде жұмыс істейтін сарапшыларды оқу процесіне тарту, заманауи оқыту әдістемелерін пайдалану және аналитикалық дағдыларға басымдық беру білім алуды динамикалық әрі өзекті етеді.

XXI ғасырдың стратегиялық мамандығы ретінде танылған логистика мамандығы да ҚазҰУ-да жүйелі түрде оқытылып келеді. Бү-

гінде ол ең жоғары сұранысқа ие мамандық. Бұл сала Қазақстанның дамуында шешуші рөл атқаруда. Өйткені, еліміз Еуразияның транзиттік хабы ретінде белсенді дамып, халықаралық көлік жобаларына қатысып, жаһандық нарықтағы позициясын нығайтып келеді. Білім алып жатқан магистранттар заманауи көлік жүйелерін, жеткізу тізбектерін басқаруды, цифрлық логистиканы, оңтайландыру және талдау әдістерін жете меңгеруде. Осыған байланысты тұрақты даму қағидаттарынан бастап Big Data мен қойма үдерістерін автоматтандыру сияқты инновациялық технологияларды енгізуге дейінгі халықаралық стандарттар мен трендтерге ерекше назар аударылады.

Ең бастысы, магистранттар теориялық біліммен қатар тағылымдамалар, ғылыми жобалар және серіктес компаниялармен ынтымақтастық барысында алған білімдерін іс жүзінде қолдану мүмкіндігіне ие. Қара шаңырақта сыни ойлауды, көшбасшылық қасиеттерді және зерттеушілік дағдыларды дамытуға барлық жағдай жасалған. Университет халықаралық ресурстарға, білім беру платформаларына және әлемнің серіктес университеттеріне қолжетімділік ұсынып, болашақ экономистер мен логистердің көкжиегін кеңейте түсуде.

Қазіргі магистранттар – ертеңгі басқарушылар, аналитиктер мен логистер. Олар Қазақстан экономикасының дамуын және оның әлемдік аренадағы рөлін айқындайтын болады. Ал ҚазҰУ – өз дәстүрлерін сақтай отырып, инновацияларды енгізу арқылы XXI ғасырдың сын-қатерлеріне дайын, кәсіби мамандар дайындаудың басты шаңырағы болып қала беретіндігі анық!

М. БЕЙСЕНОВА,
ҚазҰУ оқытушысы
Мәди БОРАШЕВ,
Ринат ҚҰРМАНБЕКҰЛЫ,
Таңат БЕКЗАТ,
Тұрап ТҰРАТ,
«Логистика» мамандығы
магистрлері

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТАБЫС КӨЗІН БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы уақытқа дейін салықшылар әр қазақстандықтың табысын бағалағанда оның ресми жалақысын ғана есепке алатын. Енді Қаржы министрлігі жеке тұлғалардың салықшылардан жасырған табысын анықтау үшін жаңа ережелер бекітті. Бұйрық «Салық салу объектілерін және салық салуға байланысты объектілерді жанама әдіспен айқындау қағидаларын бекіту туралы» деп аталады. Табыс егер жеке тұлға болса, оның зейнетақы қорындағы жинақтары арқылы, кәсіпкер болса декларациялар арқылы салық комитетіне берілетін. Ол үрдіс жалғаса береді, өзгермейді. Оған қоса, жасырын табыс жаңадан енгізілген жанама әдіспен де анықталатын болады, – дейді экономист Алдияр Саматов. Жаңа тәсіл қарапайым халықтың жасырын табысын және кәсіпкер ретінде тіркелмей бизнес жасап жүрген азаматтарды анықтауға бағытталған. Басты себеп – көлеңкеде қалған қаражаттарды анықтау, сол арқылы салық түсімдерін көбейту, – дейді сарапшы.

Тексеріске кімдер ілігеді?

Егер адамның немесе кәсіпкердің есеп-қисап жүргізу тәртібі бұзылса, не құжаттары жоғалып немесе жойылып кетсе, салық органдары оның табысын тікелей құжаттардан емес, жанама белгілер арқылы, яғни мүлкі, активтері, шығындары, кірістері және басқа да қаржылық көрсеткіштері арқылы анықтай алады. Бұл ереже жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген жеке тұлғаларға да, жеке практикамен айналысатындарға да олардың жұмыс істеген кезеңінде қолданылады. Егер заңды тұлға өзінің кіріс-шығыс есептерін жоғалтса немесе ол жойылып қалса осы әдіс қолданылады. Сонымен қатар, жеке тұлға кәсібін мемлекеттік тіркеуден өткізбей жүргізіп жатса, оған табысты анықтаудың жанама әдісі қолданылады, – деп түсіндірді Алдияр Саматов.

Бұйрықта «егер жеке тұлғаның салықтық есептілігінде көрсетілген кірістері оның жеке тұтынуға, оның ішінде мүлік сатып алуға жұмсаған шығыстарымен сәйкес келмеген жағдайда, мемлекеттік кірістер органдары, өткен кезеңдердегі кірістерді ескере отырып, оның шығындары негізінде кірісті және салықты айқындайтыны» жазылған.

Салықшылар қандай мәліметтерге қол жеткізеді?

Салық кодексінің 173-бабы 1-тармағына сәйкес, салық органдары активтерді, мүлікті, міндеттемелерді, кірістер мен шығындарды және өзге де объектілерді бағалау арқылы табысты жанама әдіспен айқындай алады. Осы нормаға сай салыққа жауапты меморган Мемлекеттік кірістер комитеті азаматтардың нақты табысын олардың жаңадан иеленген активтерінің құны, жасаған шығыстары, банк шоттарындағы ақша қозғалысы, мобильді аударымдары, депозиттері мен басқа да жинақтары негізінде анықтайтын болады.

Есептеу кезінде салықшылар ақпарат қайнарларының кең спектріне жүгінетін болады. Бұйрықта көрсетіл-

гендей, мемлекеттік кірістер органдары «көлеңкедегі» объектілерді айқындау үшін: жеке тұлғаның банктік шоттарындағы ақша қалдығы мен қозғалысы туралы; жеке тұлғаға берілген кредиттер және ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақыларды өтеуге шығыстары туралы; жеке тұлғалардың Қазақстан аумағында орналасқан мүлкі туралы; медицинаға және білімге жұмсаған шығыстары туралы; мәмілелері мен шарттары, оның ішінде сақтандыру шарттары бойынша; жеке тұлғаның бағалы қағаздарды сатып алуы, биржа тауарларымен мәмілелері бойынша; әлеуметтік төлемдерге аударымдары мен төлемдері туралы; шет мемлекеттер территориясында орналасқан мүліктері туралы мәліметтер, оның ішінде офшорлардағы мүлкі; жеке және заңды тұлғалардың ұсынған салықтық есептілік нысандарынан, декларацияларынан ақпараттар; салықтық және кедендік бақылау нәтижелері бойынша алынған мәліметтер, оның ішінде жеке тұлғамен мәмілелер жасасқан тұлғаларға қатысты және дебиторлық немесе кредиторлық берешек туындаған жеке тұлғамен өзара есеп айырысулар бойынша; құжаттармен расталған басқа ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданады.

Шығын табыстан көп болса...

Егер адамның ресми табысы оның жасаған шығындарымен сәйкес келсе, сұрақ туындамайды. Ал шығындар табыстан асып кетсе, салық органдары бұл айырманы жасырын табыс ретінде қарап, соған сәйкес салық төлетеді. Егер жеке тұлғаның және кәсіпкердің шығындары олардың көрсеткен декларацияларымен немесе тексеріліп отырған табысымен сәйкес келмейтін болса, салық органдары шығарған нақты табысынан айырмашылыққа жеке тұлғаға 10 процент жеке табыс салығын сала алады. Заңды тұлға болса, салықтық режимге байланысты тиісті салықтар салынатын болады, – деді экономист.

Сондай-ақ Алдияр Саматов тіркелмей кәсіп жасағандарға айыппұл салынатынын айтты. Шығыныңыз табысыңыздан айтарлықтай көп болса, «шығынға ақшаны қайдан алды?» деген сұрақ туындайды ғой. Сіз мүмкін кредит алған шығарсыз, несие тарихын тексереді. Мүмкін тіркелмеген кәсібіңіз бар шығар, сол кәсібіңізді тіркеу мақсатында салық органдары шаралар қолданады. Тіркелмей кәсіп жасағанға айыппұл салады. Ары қарай кәсіпкер ретінде салық төлеу керек болады, – деп түсіндірді маман. Адамдар өзінің кіріс-шығыстарын есептеп жүруі керек. Егер қосымша табыстары болып жатса, табыс көзін көрсетуі керек. Бірнәрсе сатудан түсуі мүмкін, біреулер сыйлық ретінде беруі мүмкін. Үлкен сомада бір жерден қаражат келсе, оның барлығын нақтылайтын құжаттарды жинақтап жүру керек және көлеңкеден шығу керек. Яғни, бизнес болса, оны заңды түрде тіркеп жүргізу қажет, – деді сарапшы Алдияр Саматов.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

«SMART CITY TALDYKORGAN» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА МЕМОРАНДУМ ЖАСАЛДЫ

Талдықорған қаласының әкімдігі, қазақстандық жүйелік интегратор және спутниктік оператор ASTEL және француздық IoT шешімдерін әзірлеуші Actility компаниялары «Smart City Taldykorgan» жобасы аясында – LoRaWAN технологиясы негізінде қалалық ортаны кешенді мониторингілеу жүйесін енгізу жайында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл шара Парижде Қазақстан мен Франция арасындағы Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияның 16-шы отырысы аясында өтті.



«Smart City Taldykorgan» жобасына қол қойылуы қаламыздың цифрлық дамуы жолындағы

аса маңызды қадам. Бұл бастама тек технологиялық жаңалық емес, тұрғындардың өмір сапасын артты-

руға бағытталған нақты үйлестірілген жұмыс. Жоба аясында орнатылатын интеллектуалды датчиктер қаладағы экологиялық жағдайды нақты уақыт режимінде бақылауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде коммуналдық қызметтердің жедел шешім қабылдауына, қаланың қауіпсіздігі мен жайлылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар қоғамдық көлікті басқару, білім беру ұйымдарының қауіпсіздігін күшейту сияқты салаларда да айтарлықтай тиімділік береді. Қазақстан, Франция, ASTEL және Actility компаниялары арасындағы ынтымақтастық Талдықорған үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл тәжірибе болашақта еліміздің басқа қалаларына да үлгі болатынына сенеміз. Қаламызда «Ақылды қала» жүйесін толық енгізу 2026 жылға жоспарланған. Біз бұл жобаның табысты жүзеге асуына барлық жағынан қолдау көрсетеміз. Талдықорған өңіріндегі цифрлық трансформацияның флааманына айналады деп сенемін», — дейді Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл.

Е.КЕБЕКБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

САРАП



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ: ДАМУ МЕН ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ТЕҢГЕРІМІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қол қоюымен «Жасанды интеллект туралы» заңы ресми түрде қабылданды. Бұл заң Орталық Азияда алғаш рет енгізілген жан-жақты реттеуші құжат болып табылады және еліміздің цифрлық трансформациясындағы маңызды қадамға айналады.

Заңға 2025 жылы 17 қарашада қол қойылып, 2026 жылы 18 қаңтардан күшіне енеді. Ол жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерін дамыту, енгізу және пайдалануға арналған заңнамалық негіздерді белгілейді, осылайша инновацияларды ынталандырумен қатар азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Адамға бағдарланған тәсіл – заңның негізгі қағидаттары

Заң жасанды интеллекттің қызмет етуіне қатысты негізгі қағидаттарды бекітеді, олардың ішінде заңдылық, әділеттілік, теңдік, ашықтық пен түсініктілік, адам игілігіне басымдық беру, деректерді қорғау және құпиялылық, сондай-ақ қауіпсіздік пен қорғаныс ерекше орын алады. ЖИ жүйелері ақпараттандыру нысаны ретінде анықталып, адамның белгілі бір міндеттерін орындау құралы ретінде қарастырылады. Бұл қағидаттар азаматтардың сенімді цифрлық ортаны қалыптастыруға бағытталған, өйткені ЖИ шешімдердің негізінде азаматтар оның әсерінен хабардар болып, автоматтандырылған нәтижелердің түсініктемесін сұрау құқығына ие болады.

Меншік иелері мен пайдаланушылардың жауапкершілігі де нақтыланған: олар тәуекелдерді басқару, қауіпсіздік пен сенімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ жүйелерді қолдау міндеттерін орындауы тиіс. Мысалы, ЖИ жүйелерінің құжаттамасы олардың адам құқықтарына, қауіпсіздігіне және қоғамдық тәртіпке әсер ету деңгейіне байланысты жүргізіледі. Бұл ретте деректерді қорғау мен құпиялылықты сақтау – міндетті шарт. Заңсыз жинау, сақтау немесе таратуға тыйым салынады.

Жауапкершілік пен бақылау – қауіптерді басқару тетігі

Заңның ең өзекті тұсы – ЖИ-дің зиян келтіру әлеуетін шектеу. Қазақстан аумағында белгілі мүмкіндіктері бар ЖИ жүйелерін құру мен пайдалануға тыйым салынады, олардың ішінде:

- Сублиминалдық, манипуляциялық немесе басқа әдістер арқылы мінез-құлқын басқару;
- Адамның моральдық немесе физикалық осалдықтарын пайдалану;
- Әлеуметтік мінез-құлқы немесе жеке сипаттамалар негізінде адамдарды немесе топтарды бағалау мен жіктеу (әлеуметтік скоринг);
- Азаматтардың келісімінсіз эмоцияларды анықтау;
- Заңсыз жеке деректерді жинау мен өңдеу;
- Қазақстан заңдарына қайшы шығарылымдарды (deepfake-тер, дезинформация) жасау мен тарату.

Бұл тыйымдар цифрлық кеңістіктегі сенімді нығайтып, deepfake-тер мен жалған ақпараттан туындайтын репутациялық зияндарды азайтады. Сонымен қатар, ЖИ көмегімен жасалған тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді міндетті түрде таңбалау талабы енгізілді – бұл тұтынушылардың хабардар болу құқығын қамтамасыз етеді. Авторлық құқық тұрғысынан алғанда, ЖИ көмегімен жасалған туындылар тек адамның шығармашылық үлесі болса ғана қорғалады.

Ұлттық платформа және халықаралық ынтымақтастық – инновацияларға серпін

Заңның инновациялық жағы – Ұлттық жасанды интеллект платформасының қызметіне заңнамалық негіз қалыптастыру. Бұл платформа бағдарламалық өнімдерді, модельдерді әзірлеуге, оқытуға және сынақтан өткізуге арналған шектеулі мерзімді ресурстарды ұсынады, осылайша Қазақстанның технологиялық егемендігін нығайтады. Платформа денсаулық сақтау, білім беру, көлік, қауіпсіздік және мемлекеттік басқару салаларындағы стартаптар мен шешімдерді қолдайды, халықаралық инвестицияларды тартады.

Бұл заң Қазақстанды аймақтық технологиялық лидер ретінде бекітеді, цифрлық нарықты сенімге негізделген бәсекеге сай етеді. Президенттің 2025 жылғы 8 қыркүйектегі жолдауында айтылғандай, ЖИ – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты құралы болмақ.

ЖИ туралы жаңа заң – болашаққа сенімді қадам

«Жасанды интеллект туралы» заң Қазақстанның цифрлық болашағын қалыптастырудағы маңызды құралға айналады. Ол инновацияларды ынталандырып, қауіпсіздікті қамтамасыз етіп, азаматтардың құқықтарын қорғайды. Бұл – тек заң емес, ұлттық стратегияның бөлігі, ол біздің елді ЖИ дәуіріндегі алдыңғы қатарға шығарады. Алда жүзеге асыру кезеңі маңызды: мемлекет, бизнес және қоғам бірлесіп, осы мүмкіндіктерді пайдалана білсе, Қазақстанның дамуы жаңа деңгейге көтеріледі.

Гүлбақыт ОСПАН,
Yessenov University Құқық және халықаралық қатынастар факультетінің, құқықтану кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), PhD докторы

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ

Қазақстанның сот жүйесі кезең-кезеңімен жаңғырып, заман талабына сай жетілдіріліп келеді. Соңғы жылдары жүргізілген түбегейлі реформалар құқықтық мемлекетті дамытудағы маңызды бетбұрысқа айналды. Сол өзгерістердің жарқын көрінісі – 2025 жылғы 1 шілдеден бастап жұмысын бастаған жаңа кассациялық соттар. Бұл – еліміздің сот жүйесіндегі әділеттілік пен заңдылықты қамтамасыз ету ісінде жаңа парақ ашқан тарихи оқиға.

СОТ АКТІЛЕРІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Судьяларының ІХ съезінде: «Әділ сот мемлекеттің тірегі, сондықтан сот билігі қашанда абыройлы әрі мінсіз болуы тиіс» деп атап өтті.

Кассациялық соттардың құрылуы – тек құрылымдық өзгеріс емес, бұл – құқыққа қолжетімділікті арттыру, азаматтардың сотқа деген сенімін нығайту және құқық қолдану тәжірибесін біріздендіру мақсатындағы терең мазмұнды реформа. Бұған дейін кассациялық инстанция Жоғарғы Соттың құрамында жүзеге асырылып келсе, ендігі уақытта бұл функция дербес әрі тәуелсіз сот органына айналды.

2024 жылғы 5 шілдеде Мемлекет басшысы арнайы Конституциялық заңға қол қойып, жаңа кассациялық тәртіпті заңдық тұрғыдан бекітті. Осы негізде 2025 жылғы 1 шілдеден бастап елімізде қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша жеке кассациялық сот өз жұмысын бастады. Бұл жаңашылдық сот төрелігі жүйесінің заманауи әрі әділетке негізделген үлгісін қалыптастыруға бағытталған шешім болды.

Кассациялық сот – бұл соңғы инстанция, яғни сот жүйесінің шын мәніндегі «ақырғы сүзгісі». Мұнда әрбір шешім – тек заң нормаларын талдау емес, сонымен бірге адам тағдырына қатысты түбегейлі шешім. Осы себепті кассациялық сотта қызмет ету – үлкен жауапкершілік пен кәсіби адалдықты талап ететін міндет. Судьялар тек құқықтық регламенттерге ғана емес, әділдік, бейтараптық және ар-ождан қағидаттарына сүйеніп шешім қабылдайды.

Кассациялық тәртіппен қарау, ең алдымен, төменгі сот сатыларында шығарылған шешімдердегі процесуалдық және материалдық құқық

нормаларының дұрыс қолданылуын тексереді.

Бұл реформаның азаматтар үшін берері мол. Енді сот актілеріне қатысты шағымдарды кассациялық тәртіппен қайта қарау мүмкіндігі нақты, жүйелі және заңды негізге ие.

Кассациялық сотты құрудың басты мақсаттарының бірі – істерді алдын ала қараусыз тікелей кассациялық инстанцияға жіберу болып табылады. Осылайша, заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхаттың орнына тараптар кассациялық шағым беретін болады. Бұл «біртұтас» кассациялық шағымдану тетігін енгізуге ықпал етеді.

Дербес кассациялық сот істерді кассациялық инстанция ретінде қарайды, сот практикасын талдайды және оны қорыту нәтижелері бойынша төмен тұрған соттардың заңдылықты сақтау мәселелерін қарайды, сондай-ақ заңда көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. Сәйкесінше, жеке кассациялық инстанция құрудың негізгі бағыты – сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыру және азаматтардың соттарға деген сенімін нығайту.

Жаңа кассациялық соттар қызметінде ашықтық, кәсібилік және сот төрелігінің қолжетімділігі негізгі бағыт ретінде белгіленген. Бұл тек формалды міндет емес, бұл – бүгінгі қоғамның сұранысы мен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік.

Кассациялық сот – бұл әділет жолындағы соңғы шеп қана емес, бұл – азамат пен мемлекет арасындағы сенімді көпір. Осы сенімді ақтау – біздің кәсіби парызымыз әрі азаматтық борышымыз.

**Тұрсынхан САЛИКОВ,
Ақтөбе қаласы
№2 сотының судьясы**

МҮМКІНДІК

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Астанада жыл басынан бері жұмыспен 16,4 мың адам қамтылып, сонымен қатар қалада 8,1 мың адам тұрақты және уақытша жұмыс орындарына орналастырылды.

Олардың ішінде 5 228 азамат субсидияланатын жұмыс орындарына жолданды. Атап айтқанда, 953 жас «Жастар практикасы» бағдарламасы аясында мемлекет қолдауына ие болды, 260 адам әлеуметтік жұмыс орындарына орналастырылды, 3 232 тұрғын қоғамдық жұмыстарға тартылды. Сонымен қатар, «Күміс жас» жобасы аясында зейнет жасына жақындаған 783 азамат жұмысқа орналасты.

Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау мақсатында әлеуметтік осал санаттағы 126 адамға жаңа биз-

нес-идеяларын іске асыру үшін қайтарымсыз мемлекеттік грант берілді.

Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа мерзімді кәсіби оқытудан 88 жұмыссыз азамат өтті. Ал «Бастау бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін меңгергендердің саны 3,2 мың адамды құрады.

Сонымен қатар 3,2 мың тұрғын әлеуметтік-кәсіби бағдарлау қызметімен қамтылды.

**А.ҚҰРМАНҒАЛИ
АСТАНА ҚАЛАСЫ**

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ АЗАМАТТЫҚ ТАЛАП ҚОЮ РЕТІ

Қылмыстық процестегі азаматтық талап қою тәртібі Қылмыстық-процестік кодексінің 20-тарауында көзделген.

ҚПК-нің 166-бабына сәйкес, қылмыстық процесте жеке және заңды тұлғалардың тікелей қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қоғамға қауіпті іс-әрекетімен келтірілген мүлтік және моральдық зиянды өтеу туралы, сондай-ақ жәбірленушіні жерлеуге, емдеуге кеткен шығыстарды, оған сақтандыру өтемі, жәрдемақы немесе зейнетақы ретінде төленген сомаларды, сондай-ақ өкілдік етуге жұмсалған шығыстарға қоса, анықтау, алдын ала тергеу ісін жүргізуге және сотқа қатысуға байланысты шыққан шығыстарды өтеу туралы азаматтық талап қоюлары қаралады. Қылмыстық іс бойынша берілген азаматтық талап қоюды дәлелдеу осы кодексте белгіленген қағидалар бойынша жүргізіледі.

Аталған кодекстің 167-бабына сәйкес, азаматтық талапты қылмыстық құқық бұзушылықпен немесе есі дұрыс емес адамның қылмыстық жазаланатын іс-әрекетімен тікелей мүліктік немесе моральдық зиян келтірілген тұлға не оның өкілі сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап сот тергеуі аяқталғанға дейін қоюы мүмкін. Осы кодекстің 58-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, прокурор азаматтық талап қоюға құқылы. Салдарында адам қайтыс болған қылмыстар туралы істер бойынша азаматтық талапты қайтыс болған адамның осы кодексте көзделген жәбірленуші құқықтарын жүзеге асыратын жақын туыстары, жұбайы қоя алады.

Азаматтық талап күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға немесе оның әрекеттері немесе есі дұрыс емес адамның әрекеттері үшін материалдық жауаптылықта болатын тұлғаларға қойылады.

Азаматтық талап қойған тұлға – азаматтық талапкер деп, өзіне талап қойылған тұлға азаматтық жауапкер деп аталады. Көрсетілген тұлғалар қылмыстық іс бойынша іс жүргізу барысында процестік құқықтарды пайдаланады және осы кодексте азаматтық талапкер мен тиісінше азаматтық жауапкер үшін белгіленген процестік міндеттерді көтереді.

Талапкер қылмыстық істе азаматтық талап қойған



ТУРНИР

БАСТЫ МАҚСАТ – САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАУ

Тәуелсіздік күніне орай Әдеп жөніндегі уәкіл Алма Сыдықованың бастамасымен «Әділет CUP-2025» волейбол турнирі ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік қызметшілер мен құқықтық қауымдастық өкілдері арасында серіктестікті нығайту, корпоративтік мәдениетті арттыру және салауатты өмір салтын қолдау.

Турнирге әділет органдары мен серіктес ұйымдардан құралған 8 команда қатысты: Әділет министрлігінің Орталық аппараты, Сот сараптамалары орталығы, Ұлттық зияткерлік меншік институты, Заңнама институты, Астана қаласы Әділет департаменті, Республикалық нотариаттық палата, Астана

қаласы адвокаттар алқасы және Республикалық жеке сот орындаушылар палатасы.

Жарыс жоғары деңгейде өтіп, командалар өзара қолдау мен ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті. Қатысушылар кәсіби қарым-қатынасты нығайтып, спорттық рухты жоғарылатуға үлес қосты.

Турнир қорытындысы бойынша: 1 орын – Сот сараптамалары орталығына;

2 орын – Ұлттық зияткерлік меншік институты командасына берілді;

3 орынды Әділет министрлігінің Орталық аппараты иеленді.

Жеңімпаздар кубоктармен және медальдармен марапатталып, барлық командаларға белсенділігі үшін министрдің алғыс хаттары табысталды.

**ҚР Әділет министрлігінің
баспасөз қызметі**

«ЖЫЛ ҮЗДІГІ – 2025»

ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

Батыс Қазақстан облысында жастардың қабілеті мен белсенділігін қолдауға бағытталған «Жыл үздігі – 2025» жастар сыйлығының жеңімпаздары анықталды.

Салтанатты шараға облыс әкімі Нариман Төреғалиев қатысып, ерекшеленген жастарды жүлделі марапаттарымен құттықтады. Өңір басшысы «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының жеңімпаздарын марапаттап, «Жайық жастары» тұрғын үй бағдарламасы бойынша жас отбасыларға тұрғын үй кілтін табыс етті.

Биылғы жылдың қорытындысы бойынша әртүрлі номинацияларда үздік шыққан жастар мара-

кезде мемлекеттік баж төлеуден босатылады.

Азаматтық талап қоюдың соттылығы ол берілген қылмыстық істің соттылығымен айқындалады және қылмыстық іспен бірге қаралады.

Сот айыптау үкімін қаулы еткен немесе есі дұрыс емес адамға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы қаулы шығарған кезде азаматтық талап қоюды толық немесе ішінара қанағаттандырады не оны қанағаттандырудан бас тартады.

Азаматтық талап қою толық немесе ішінара қанағаттандырылған жағдайларда сот үкімде оны азаматтық талап қою бөлігінде ерікті түрде орындау үшін мерзімді белгілейді және көрсетеді. Соттың үкімі ерікті түрде орындау үшін берілген мерзім ішінде азаматтық талап қою бөлігінде орындалмаған жағдайда, сот үкімді азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен азаматтық талап қою бөлігінде мәжбүрлеп орындату үшін жібереді.

Соттың үкімін және қаулысын азаматтық талап қою бөлігінде орындау ҚПК-нің 172-бабы бойынша жүргізіледі. Яғни, сот азаматтық талап қоюды толық көлемде немесе ішінара қанағаттандыру туралы шешім қабылдаған кезде соттың үкімін, қаулысын азаматтық талап қою бөлігінде ерікті түрде орындау үшін мерзім белгілеуге құқылы, бұл ретте азаматтық іс жүргізу заңнамасында көзделген орындауды кейінге қалдыру және мерзімін ұзарту қағидалары қолданылуы мүмкін. Сот актісін азаматтық талап қою бөлігінде мәжбүрлеп орындату Қазақстанның атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Қалыптасқан тәжірибеге сәйкес және заң тұрғысында заңды күшіне енген сот үкімдері бойынша азаматтық талап бөлігі бойынша атқару парақтары «Төрелік» бағдарламасы арқылы жеке сот орындаушыларына жолданады.

Ескере кететін жәйт, атқару парақтарын орындауға жолдауда сотталғанның тіркеуде тұрған жеріне мән берген жөн, яғни, тіркеудегі тұрғылықты жері бойынша жолдау міндетті. Орындауға жолдау барысында «Төрелік» бағдарламасы арқылы бөліктерді дұрыс толтыру өте маңызды.

Атап айтқанда, азаматтық талап бөлігінде өндірілуге жататын төлемдер «сот үкімі бойынша» деген, қалған бөліктегі төлемдер «АЕК-тен төмен немесе АЕК-тен жоғары» деген талабына сәйкес болуы қажет. «Төрелік» бағдарламасының тиімді тұсы – атқару парақтарын бақылауда ұстаудың қолжетімділігі.

Яғни, жолданған атқару парақтарын «орындаудан бас тарту», «орындауда», «орындаусыз кері қайтарылды», «аяқталды» деген бөліктер арқылы қадағалау мүмкіншілігінде.

Орындаудан бас тартылған атқару парағы «Төрелік» бағдарламасы арқылы қайта жолдануға жатады.

Ал, орындаусыз кері қайтарылған атқару парақтары жеке сот орындаушысының қаулымен бірге сотталғанның жаза өтеу мекемесіне орындау үшін жолданады.

**Б.СУГУРОВА,
Ақтөбе облысының қылмыстық істер
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы, сот отырысының хатшысы**

**Е.КЕБЕКБАЙ,
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ**

ТАЛҚЫ

МАЛ АУРУУЫНЫҢ ТАРАЛУЫ – ӘЛЕУМЕТКЕ ҚАТЕР



(Соңы. Басы 1-бетте)

Мал басының көбеюі – бір жағынан жетістік. Бірақ бұл ветеринариялық бақылауға түсетін жүктеменің бірнеше есе артқанын білдіреді. Ал өңірлердегі зертханалардың мүмкіндігі, мамандардың саны мен біліктілігі бұл талапқа әрдайым сай келе бермейді. Министрлік өкілі кадр даярлау, зертханаларды жаңғырту, мемлекеттік бақылау тетіктерін жетілдіру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Алайда Сенат мінберінде айтылған пікірлер мәселенің тек техникалық емес, жүйелік сипатқа ие екенін көрсетті. Осы орайда Сенатор Арман Өтеғұлов ветеринария саласындағы негізгі тәуекелдерді ашық атады. Оның айтуынша, климаттың өзгеруі, халықаралық сауданың артуы жануарлар ауруларының таралуын тездетіп отыр. Зерттеу жаңа инфекциялардың 70%-ы жануарлардан тарайтынын көрсетіп отыр. Сондықтан ветеринария – бұл тек мал шаруашылығын қорғау емес, адам денсаулығын, өңірлік тұрақтылықты және шекаралық қауіпсіздікті қорғау.

Қазақстанның қазіргі ветеринариялық басқару моделі бұл сын-қатерлерге уақытылы жауап беруі үшін тиісті жүйелі реформаларды қажет етеді. Еліміздегі бір функцияның орталықта, екіншісінің өңірлерде, үшіншісінің – жеке секторда болуы эпизоотия жағдайында жедел шешім қабылдау мүмкіндігін тежейді. Сол секілді кадрлық жүйенің әлсіздігі де басты мәселе. Бүгінде көптеген өңірлерде ветеринар мамандарының тапшылығы 25–30%-ға жетті. Бір маманға жүктеменің аймақтарда 2-2,5 мың бас малға дейін болу жағдайында сапалы диагнос-

тика да, профилактика да мүмкін емес.

Кадрлар даярлайтын ЖОО-ның бағдарламалары халықаралық талаптарға толық сай келмейді. Ірі шаруашылықтар алыс әрі жақын шет елдерден білікті мамандарды жұмысқа алуға мәжбүр. Жас мамандар ауылдық аймақтарға барудан бас тартуда, себебі әлеуметтік жағдай төмен, тұрғын үй жоқ, жалқы бәсекеге қабілетсіз. Бұл – саланы болашақта кадрлық күйреуге алып келуі ықтимал.

Ал, инфрақұрылым мен зертханалардың жағдайына қатысты қарапайым жабдық – тоңазытқыш, дезинфекция құралдары, биоқорғаныс жабдықтары – көптеген нысандарда жетіспейтіні белгілі болып отыр. Ең ауыр жағдай – зертханаларда. Олардың жартысы заманауи құралдарсыз жұмыс істейді. Бұл қауіпті ауруларды кеш анықтауға әкеліп соғады. Сонымен қатар, халықаралық аккредитацияның болмауы біздің зертханалық нәтижелерге сыртқы нарықтардың сенімін төмендетеді. Бұл – экспорттық әлеуетті тежейтін фактор.

Эпизоотиялық жағдай созылмалы деуге болады. Бруцеллез, құтыру, сібір жарасы, туберкулез сияқты ауру ошақтары жекелеген өңірлерде жылдар бойы жойылмай келеді. Оның басты себептері: жеке қосалқы шаруашылықтардың вакцинацияға немқұрайлы болуы, мал қозғалысын тіркеудің әлсіздігі, түсіндіру жұмыстарының жеткіліксіздігі, қаңғыбас жануарлар популяциясының бақылаусыз өсуі. Бұл – тек ветеринарлық қызметтің емес, қоғамдық жауапкершілік деңгейінің де төмендігінің айғағы.

Жиында сонымен қатар Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы

ұйымының Орталық Азия бойынша өкілі Мереке Тайтубаев халықаралық талаптарды сақтау экспорттық саясаттың негізгі шарты екеніне назар аудартты. Оның айтуынша, ветеринария жүйесі халықаралық стандарттарға сай болмаса, ешқандай келісім немесе сауда артықшылықтары ұзақ мерзімді нәтиже бермейді. Бұл әсіресе ет және мал өнімдерін экспорттауға ұмтылған Қазақстан үшін өзекті. Ал Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ректоры Асқар Наметов ветеринар мамандарын даярлау мәселесіне тоқталып, білім беру жүйесін практикалық талаптарға бейімдеу қажеттігін айтты. Оның пікірінше, қазіргі ветеринар – тек емдеуші маман емес, ол биоқауіпсіздік, цифрлық бақылау және халықаралық талаптарды түсінетін кешенді маман болуы тиіс.

Үкімет сағаты барысында ветеринария қызметін дамытудың нақты бағыттары белгіленді. Олардың қатарында мал басын есепке алудың бірыңғай ұлттық цифрлық жүйесін қалыптастыру, эпизоотиялық мониторингті нақты деректерге негіздеу, биологиялық қауіптіліктерді кәдеге жарату объектілерінің цифрлық тізілімін жасау, ветеринария қызметінің кадрлық әлеуетін күшейту, мемлекеттік бақылаудың тиімділігін арттыру шаралары бар. Бұл ұсыныстардың барлығы бір мақсатқа – ашықтық пен жеделдікті қамтамасыз етуге бағытталған. Себебі бүгінгі заманда дерекке сүйенбеген басқару шешімі ұзаққа бармайды.

Үкімет сағатын қорытындылаған Әли Бектаев ветеринария қызметін жаңғырту мәселесі ведомствоаралық үйлесімді, нақты жауапкершілікті және саяси ерік-жігерді талап ететінін атап өтті. Оның айтуынша, бұл бағыттағы реформалар қағаз жүзінде қалып қоймауы тиіс. Талқылау барысында айтылған барлық ұсыныстар жүйеленіп, Үкіметке жолданатын болады. Ал бұл бастамалардың нақты іске асуы ветеринария саласын ауыл шаруашылығының әлсіз буыны емес, ел қауіпсіздігін қамтамасыз ететін берік тірекке айналдыруға мүмкіндік береді. Ветеринария – көзге көрінбейтін, бірақ мемлекеттің тұрақтылығы үшін аса маңызды қалқан. Сенаттағы Үкімет сағаты осы шындықты тағы бір мәрте дәлелдеді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ТАРИХ-ТАРАЗЫ

1917 жылдың 13 желтоқсанында Орынбор қаласында өткен Екінші Жалпықазақ съезінде қазақ халқының тарихындағы аса маңызды шешім қабылданып, Алаш Орда үкіметі жарияланды.



АЛАШ ОРДА — ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІҢ ҰЛЫ ТҰҒЫРЫ

Биыл Қазақ ұлттық автономиясы – Алаш Орда үкіметінің құрылғанына 108 жыл толып отыр. Алаш Орда – Тәуелсіз Қазақстанның рухани-идеялық негіздерінің бастауы, қазақ тарихындағы алғашқы заманауи, ұлттық үкімет болатын. Ол сол заманда-ақ конституциялық мемлекет, парламенттік басқару, азаматтық теңдік идеяларын көтеріп, қазақ мемлекеттілігінің саяси моделін айқындай алды.

Осы тарихи датаның құрметіне 12 желтоқсан күні Талғар аудандық Тұздыбастау мәдениет үйінде Талғар аудандық Мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Бегенбаева Фариданың басшылығымен «Алаш мұрасы – ұрпаққа аманат» тақырыбындағы тағылымы мол мәдени-танымдық іс-шара болып өтті.

Аталған жиынға қатысушылар сөз сөйлеген азаматтардан Алаш арыстарының өмірі мен еңбектері жайлы келер ұрпаққа аманаты мен елдік мұраты туралы тәрбиелік мәні зор мағлұматтар ала алды.

Іс-шара алдымен Алматы облысы, Талғар ауданы, Тұздыбастау ауылында орнатылған «Алаш Орда арыстарына тағзым» монументіне гүл шоғын қою рәсімімен басталды. Жиынға қоғам қайраткерлері: Дос Көшім, Хасен Қожа-Ахмет, Алаш көсемдерінің бірі Мұхамеджан Тынышбаевтың жиен немересі, бүгінгі «Тынышбаев қорының» жетекшісі Нұршәкен апай және Бейсенғазы Нүкен мен Сапура Паритқызы бастаған бір топ желтоқсаншы ардагерлер мен «Ақ жол» демпартиясының Алматы облыстық филиалының басшысы Мейраш Шынасылова, филиал басшысының орынбасары Абзалбек Сағымбекұлы, облыстық маслихат депутаты Сергей Горняной, аймақ ақсақалдары мен мектеп оқушылары қатысты. Кеш соңында мектеп оқушылары Алаш арыстары жайлы қойылым қойып, аудан өнерпаздарының концерттік бағдарламасы тамашаланды.



Айта кететін бір жайт, осыдан сегіз жыл бұрын, Талғар ауданының сол кездегі әкімі, марқұм Жолан Омар мырзаға Талғар ауданы Тұздыбастау ауылындағы Калинин ескерткішінің орнына, Алаш арыстарына монумент қою жөнінде желтоқсан ардагері Бейсенғазы Сәдуұлы өтініш жазған болатын. Сол өтінішті негізге алған Талғар аудандық Мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Фарида Бегенбаеваның тікелей қолдауымен, Калинин ескерткіштері алынып, біріне Алаш арыстарына тағзым монументі, екіншісі, мәдениет үйінің алдына Желтоқсан ардагерлеріне арналған ескерткіш тақта орнатылады.

Әрине бұған дейін Алаш көсемдеріне жеке-жеке ескерткіш бюсттер қойылғанымен, бұл жалпы Алаш арыстарына қойылған аймақтағы тұңғыш монумент болатын. Желтоқсан ардагері Бейсенғазы Нүкен басы-қасында жүріп монументті өз қаражатына орнатуды қолға алғанымен, оған әкімшілік тарапынан рұқсат беріп, моральдық қолдау көрсеткен басшылардың да азаматтығын айта кеткен жөн. Яғни, жоғарыдан нұсқау күтіп отыратын кейбір әкімдерге қарағанда, жергілікті халықтың пікірін тыңдап, дауысқа салып, аумақтық мәселелерді шешіп отыру, іскер бастының ғана қолынан келері анық.

Міне, сол, 2021 жылдан бері, әкімшілік тарапынан Фарида ханым жылда, монумент басында, 31 мамыр Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні, 12 желтоқсан Алаш Орда үкіметінің құрылған күні және 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай түрлі іс-шара ұйымдастырып, ас беріп, құран оқытуды жоспарлы міндеті санайды.

Белгілі ғалым марқұм Ғарифолла Әнес жетекшілік еткен Жаңалық ауылында орналасқан саяси қуғын-сүргін құрбандары музейінен кейін, бұл ескерткіш те Алаш арыстарына тәу ететін қасиетті орынға айналды.

Алаш жолы – ұлт жолы. Алаш өсиеті – ұрпаққа жол көрсететін мәңгілік аманат!

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
«Заң газеті»

БІР МҮДДЕ

ДӘРІГЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛАДЫ

«ҚР Қылмыстық кодексіне және ҚР қылмыстық іс жүргізу кодексіне толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы жөнінде Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов баяндады. Депутат дәрігерлер мен жедел жәрдем қызметкерлерін қорғауға арналған заң жобасының жаңа нормаларын таныстырды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мұндай әрекеттер үшін жазаны қатаңдатуды бірнеше рет тапсырды. Осы заң – Президент тапсырмасының тікелей орындалуы, ал дәрігерлерді қорғау дегеніміз – ол «Заң мен тәртіп» қағидатының маңызды бөлігі. «Аманат» партиясы өз бағдарламасында медицина қызметкерінің мәртебесін көтеруге уәде берген. Сондықтан бұл нормалардың енгізілуін біздің сайлаушылар алдындағы уәдеміздің орындалуы дей аламыз. Қылмыстық кодекске жаңа 380-3-бабын енгіземіз. Ол «медицина қызметкері» және «жедел медициналық жәрдем жүргізушісі» деген арнайы субъектіні белгілейді, – деді А.Аймағамбетов.

Мәжіліс Қылмыстық кодекс пен Қылмыстық-процестік кодекске толықтырулар енгізу туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Құжатты денсаулық сақтау қызметкерлеріне физикалық зорлық-зомбылық пен қатыгездік көрсеткені үшін жазаны күшейту туралы Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес депутаттар әзірлеген.

Мәжіліс депутаты Асхат Аймағамбетов заң жобасын таныстырды. Қылмыстық кодекске енгізілетін түзетулер аясында медицина қызметкерлері мен жедел жәрдем жүргізушілеріне қатысты күш қолдану немесе күш қолдану қаупін төндіргені үшін қылмыстық жауап-

кершілік белгілейтін жаңа 380-3-бап енгізіледі. Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті емес күш қолданғаны үшін немесе күш қолданбақ болғаны үшін 500-ден 1000 АЕК-ке дейін айыппұл салу, не болмаса сол мөлшерде түзету жұмыстарына немесе 600 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту, 2 жылдан 3 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы ұсынылады. Егер ауыр әрекет жасалса, жаза 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру түрінде күшейтіледі.

Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті күш қолдануға қатысты 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Ауыр жағдайда жасалған болса, 7 жылдан 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы беріледі.

Қылмыс құрамының элементтерін саралау үшін депутаттар медицина қызметкерлері мен жедел жәрдем жүргізушілеріне күш қолдана отырып қорқытқаны үшін бөлек жауапкершілік белгіледі. Ұсынылып отырған жазаларға 200-ден 500 АЕК-ке дейін айыппұл салу немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не болмаса 300 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға тарту немесе екі жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы кіреді. Ауыр әрекет жасалған жағдайда екі жылдан үш жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасы беріледі. Сонымен қатар жоба аясында Қылмыстық-процестік кодексте ішкі істер органдарының осы санаттағы істер бойынша алдын ала тергеу және анықтау жүргізу құзыреті белгіленеді.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

Автокөлік құралы кепілі Шарттының типті нысандарына №1-қосымша «Toyota Файнанш Сервисес Қазақстан» МҚҰ» Президентінің 12.06.2025 жылғы № 19-ОД-25 бұйрығымен бекітілді	
ҮЛГІ ШАРТТАР	
1. Жалпы ережелер.	
1.1.	Осы Үлгі шарттар автокөлік құралының кепіл шартын (бұдан әрі – «Шарт») жасасу кезінде Тараптар басшылыққа алатын негізгі талаптарды айқындайды.
1.2.	Тараптар қол қойған Шарт осы Үлгі шарттардың барлық ережелерімен Кепіл берушінің келісімін білдіреді.
1.3.	Осы Үлгі шарттар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Үлгі шарттар-да белгіленген Тараптардың барлық талаптарын, құқықтары мен міндеттерін, егер Шартта өзгеше көрсетілмесе, тараптар Шартта белгіленген талаптарға, құқықтар мен міндеттерге қосымша орындайды. Үлгі шарттар мен Шарт арасында кайсышындағы жағдайда Шарттың басым күші болады.
1.4.	Осы Үлгі шарттар Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Кепіл беруші Шарт және осы Үлгі шарттар бойынша барлық міндеттемелерді толық орындағана дейін немесе қолданыстағы заңнамаға сәйкес Шартты тоқта-туды өзге де негіздері туындағанға дейін қолданады.
1.5.	Кепіл берушінің Кепіл затына меншік құқығы мынадай құжаттармен расталады:
1.5.1.	Сатып алу-сату Шарты;
1.5.2.	Кепіл құралының паспорты;
1.5.3.	Кепіл құралын тіркеу туралы куәлік.
1.6.	Кепіл затының құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының түпнұсқала-ры олардың сақталуына жауапты кепіл берушіде қалады.
1.7.	Кепіл затына кепіл құқығы Кепіл ұстаушыда Шарт қолданылатын заңнамада белгіленген тәртіппен тіркелген кезден бастап туындайды.
1.8.	Шарт бойынша кепіл құқығы пайда болған кезден бастап осы кезде болған барлық жазбаша және ауызша шарттар мен Тараптардың Кепіл затына қатысты өзге де уағдаластықтары, оның ішінде кез келген алдын ала Кепіл шарттары тоқтатылады.
2. Кепіл затын бағалау және тіркеу.	
2.1.	Кепіл беруші Тараптардың келісімі бойынша айқындалған Кепіл затының қоса бағалануымен сөзсіз келіседі және Кепіл затын бағалауға Кепіл ұстаушыға қар-сылықтары мен наразылықтары болмайды және одан әрі де болмайды. Кепіл затын көрсетілген бағалауға Кепіл берушінің Шарт бойынша жауапкершілігін шек-темейді және тараптарды қандай да бір өзге мақсат үшін байланыстырмайды.
2.2.	Осы арқылы кепіл беруші Кепіл ұстаушыға Кепіл затының нарықтық құнын айқындау үшін, оның ішінде Кепіл заты өткізілген жағдайда және/немесе Кепіл ұстаушы Кепіл затын өз міншілігіне айналдырған кезде тәуелсіз бағалау жүргізуге және бағалау туралы есеп жасауға шарт жасасуға кесім білдіреді.
2.3.	Кепіл затының нарықтық құнын тәуелсіз бағалауды, егер сактандыру шартында өзгеше белгіленген болса, Кепіл затын бағалауға және жасауға сактандыру шарты бойынша сактандыру сыйлықақысы жыл сайын төленген немесе жана сактандыру Шарты узартылған/жасалған жағдайларда Кепіл беруші сактандыру сыйлықақысының сомасын есептеу үшін де жүргізуі мүмкін.
3. Кепіл затын сактандыру.	
3.1.	Тараптар келіседі, тандайған Микрокредит өнімінің шарттарына байланысты Кепіл беруші Кепіл затын өз қаражаты есебінен сактандыруға міндетті немесе құқылы (егер өнім шарттарында көзделсе). Сактандыру шарттары, тәртібі және мерзімдері Кепіл ұстаушы тарапынан белгіленіп, оны пайда алушы ретінде көрсетуі тиіс. Өнімнің шарттарына сәйкес сактандыру міндетті болған жағдайда, Кепіл беруші сактандыру шартын жасасау және оны жасалғанын растайтын құжаттарды Кепіл ұстаушыға ұсынуға міндетті.
3.2.	Сактандыру жағдайының салдарынан Кепіл затына қанша келген жағдайда, сактандыру шарты бойынша пайда алуға Кепіл беруші болып табылады, егер сактандыру шартында өзгеше көзделмесе. Сактандыру жағдайының салдарынан Кепіл заты толық жойылған немесе жоғалған жағдайда, сактандыру шарты бо-йынша пайда алушылар:
3.2.1.	Кепіл ұстаушы – ДМК бойынша қарыз сомасы мөлшерінен, оған сактандыру жағдайы туындаған күнге есептелген сыйақы, айыппұлдар және өсімдұлдар қосылды;
3.2.2.	Кепіл беруші – төленуге жататын сома мен Кепіл ұстаушы алдындағы қарыз сомасының арасындағы айырма мөлшерінен;
3.3.	Кепіл беруші жоғарыда көрсетілген міндеттемені бұзған жағдайда, Кепіл ұстаушы өз қалауы бойынша кез келген сактандыру компаниясында кепіл мүлкін дербес сактандыруға құқылы. Бұл ретте Кепіл беруші кепіл мүлкін сактандыруға байла-нысты Кепіл ұстаушының барлық шығындарын өтеуге міндетті.
3.4.	Кепіл беруші сактандыру жағдайының басталу фактісін, оның ішінде Кепіл заты-на келтірілген залалды растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.
3.5.	Кепіл ұстаушының кепіл берушіден сактандыру жағдайының басталу, оның ішін-де Кепіл затының бүліну фактісін растайтын құжаттарды уақтылы ұсынуында талап етуге құқығы бар.
4. Кепіл затын өндіріп алу.	
4.1.	Кепіл ұстаушы сот тәртібімен немесе соттан тыс тәртіппен Кепіл затын өндіріп алуға құқылы:
(i)	ДМК бойынша берілген микрокредитті кепіл ұстаушыға өтеу (қайтару), ол бойын-ша сыйақы төлеу, ДМК бойынша Кепіл ұстаушының операциялық және басқа да шығыстарының сомасын өтеу бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісінше орындамау;
(ii)	ДМК-да көрсетілген қандай да бір өзге міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісінше орындамау.
4.2.	Кепіл затынан өндіріп алу үшін сот органдарының шешімдері талап етілмейді. Кепіл ұстаушының қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес Кепіл затын соттан тыс тәртіппен өткізуге құқығы бар. Кепіл затын соттан тыс тәртіппен өткізу жөнінде сауда-саттық (аукцион) өткізетін сенім білдірілген адамды Кепіл ұстаушы тағайындайды.
4.3.	Кепіл заты ұлттық валюта – теңгеге өткізіледі.
4.4.	Кепіл затының құны есебінен Кепіл ұстаушы ДМК белгілеген берешекті өтеу кез-ектілігіне сәйкес негізгі борыш сомасын (Микрокредит сомасын), Микрокредитті пайдаланғаны үшін Кепіл ұстаушыға төленуге жататын сыйақыны, ДМК бойынша міндеттемелерді орындамаудан (тиісінше орындамаудан) келтірілген залалды, сондай-ақ ДМК бойынша міндеттемелерді орындамаудан немесе тиісінше орын-дамаудан туындаған тұрақсыздық айыбын және Кепіл ұстаушы шеккен өзге де шығыстар мен шығыстарды қоса алғанда, оларды іс жүзінде қанағаттандыру сәтінде айқындалатын толық көлемде, сондай-ақ ДМК шарттарына сәйкес Кепіл ұстаушыға төленуге тиіс төлемдер.
4.5.	Кепіл затын ұстауға және өндіріп алуға байланысты шығыстар, бірінші кезекте Кепіл затын өткізу кезінде төленетін салықтар Кепіл затын өткізу сомасынан немесе Кепіл затын сатудан түскен қаражат жеткіліксіз болған жағдайда Кепіл берушінің өзге де қаражаты мен мүлкі есебінен өтелуге жатады.
4.6.	Тараптар осымен Кепіл затының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында ДМК бойынша міндеттемелер орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Кепіл беруші өзге де қайтарғы алынбай келіседі, ал Кепіл ұстаушы Кепіл затын күзет қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар өзге ұйымдардың арнайы жабдықталған, қорғалатын аумағына немесе Кепіл ұстаушының қорғалатын аумағына Кепіл берушінің қаражаты есебінен қою арқылы алып қоюға құқылы деп уағдаласты. Кепіл беруші Кепіл ұстаушының бірінші талап етуі бойынша Кепіл затының қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі Кепіл ұстаушының барлық шығы-старын өтеуге міндеттенеді.
5. Тараптардың құқықтары, міндеттері мен растаулары.	
5.1.	Осымен Кепіл беруші Кепіл затының Кепіл берушіге меншік құқығымен тиесілі екендігіне, үшінші тұлғалардың құқықтарынан (талаптарынан) бас екендігіне, атап айтқанда, иелік және пайдалану объектісі болып табылатынына, үшінші тұлғаларға кепілдік салынбағанына, тиым салынбағанына, қандай да бір тәсілдермен иеліктен шығарылмағанына, сондай-ақ Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде (Шартқа және осы Үлгі шарттарға сәйкес салынатын ауыртпа-лықтарды қоспағанда) заңдық тұрғыдан және іс жүзінде ауыртпалық салынбай-тынына және оған өндіріп алуға қолдануға жол берілетініне кепілдік береді.
5.2.	Кепіл беруші Шартқа қол қоюмен келесіге өзінің шексіз келісімін білдіреді:
5.2.1.	Кепіл нысанасын өткізу кезінде Кепіл ұстаушының Кепіл затының бастапқы баға-сын Кепіл берушімен қосымша келісімсіз айқындауға;
5.2.2.	Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Кепіл затын іске асыруға мүм-кіндік беретін сауда-саттық баісін Кепіл ұстаушының Кепіл берушімен қосымша келісімсіз айқындауға және өзгертуге;
5.2.3.	Кепіл ұстаушының уәкілетті сактандыру компанияларының тізбесін айқындауы-на.
5.3.	Кепіл беруші Шарт және осы Үлгі шарттар бойынша Кепіл беруші міндеттеме-лерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Кепіл ұстаушы Кепіл берушімен танысқан Кепіл ұстаушының ішкі құжаттарына сәйкес Шартта және осы Үлгі шарттарда көзделген тұрақсыздық айыбының сомасын есептеуді жүр-гізуге құқылы екенін мойындайды және келіседі.
5.4.	Осы арқылы Кепіл беруші шартта, осы Үлгі шарттарда және қолданыстағы заңна-мада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Кепіл ұстаушының Кепіл берушінің мүлкін ұстауына өзінің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді.
5.5.	Кепіл берушінің құқығы бар:
5.5.1.	ДМК және Шарт бойынша Кепіл ұстаушы алдындағы барлық міндеттемелерін тиісінше және толық орындаған жағдайда, Кепіл беруші Кепіл ұстаушыдан ауыртпалықтан босату туралы хатты орындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде алуға құқылы және аталған хатты уәкілетті мемлекеттік органдарға дербес ұсынуға міндетті;
5.5.2.	негізгі борышты (Микрокредит сомасын), Микрокредитті пайдаланғаны үшін Кепіл ұстаушыға төленуге жататын сыйақыны, тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ Кепіл берушінің Кепіл ұстаушы алдындағы өз міндеттемелерін орындамауына (тиісінше орындамауына) байланысты Кепіл ұстаушының шеккен залалдарын қоса алғанда, Кепіл ұстаушының талаптарын іс жүзінде қанағаттандыруға кезге қарай оларда бар көлемде қанағаттандырып, Кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану және оны өткізуді тоқтатуға.
5.5.3.	Кепіл ұстаушының уәкілетті сактандыру компанияларының тізбесін айқындауы-на.
5.5.4.	Кепіл беруші Шарт және осы Үлгі шарттар бойынша Кепіл беруші міндеттеме-лерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Кепіл ұстаушы Кепіл берушімен танысқан Кепіл ұстаушының ішкі құжаттарына сәйкес Шартта және осы Үлгі шарттарда көзделген тұрақсыздық айыбының сомасын есептеуді жүр-гізуге құқылы екенін мойындайды және келіседі.
5.5.	Осы арқылы Кепіл беруші шартта, осы Үлгі шарттарда және қолданыстағы заңна-мада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Кепіл ұстаушының Кепіл берушінің мүлкін ұстауына өзінің шартсыз және қайтарып алынбайтын келісімін білдіреді.
5.5.	Кепіл берушінің құқығы бар:
5.5.1.	ДМК және Шарт бойынша Кепіл ұстаушы алдындағы барлық міндеттемелерін тиісінше және толық орындаған жағдайда, Кепіл беруші Кепіл ұстаушыдан ауыртпалықтан босату туралы хатты орындаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде алуға құқылы және аталған хатты уәкілетті мемлекеттік органдарға дербес ұсынуға міндетті;
5.5.2.	негізгі борышты (Микрокредит сомасын), Микрокредитті пайдаланғаны үшін Кепіл ұстаушыға төленуге жататын сыйақыны, тұрақсыздық айыбын, сондай-ақ Кепіл берушінің Кепіл ұстаушы алдындағы өз міндеттемелерін орындамауына (тиісінше орындамауына) байланысты Кепіл ұстаушының шеккен залалдарын қоса алғанда, Кепіл ұстаушының талаптарын іс жүзінде қанағаттандыруға кезге қарай оларда бар көлемде қанағаттандырып, Кепіл нысанасына өндіріп алуды қолдану және оны өткізуді тоқтатуға.
5.6.	Кепіл ұстаушы міндетті:
5.6.1.	уәкілетті мемлекеттік органда Кепіл затын мемлекеттік тіркеуді уақтылы және өз есебінен жүзеге асыруға;
5.6.2.	Кепіл затының құнын сатып мақсатында оны жөндеуді қоса алғанда, оны тиісін-ше сақтау және пайдалану үшін қажетті барлық шараларды қабылдауға (табиғи тозуы ескеріп отырып);
5.6.3.	Кепіл затын қауіпсіз пайдалануды ұйымдастыруға және қамтамасыз етуге бағыт-талған техникалық іс-шаралар кешімен (диагностикалық, техникалық қызмет көрсету, жөндеу) тиісті түрде жүргізуге;
5.6.4.	қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіпте және мерзімде Кепіл затын техника-лық байқаудан өткізуді қамтамасыз етуге;
5.6.5.	адамдарды алкогольді, есірткілік немесе өзге де масаң күйдегі Кепіл затын басқаруға жібермеуге, қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес осы әрекеттерді жүзеге асыруға құқығы жоқ басқа тұлғаларға Кепіл затын басқару құқығын бермеуге;
5.6.6.	Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне Кепіл нысанасына құқық белгілейтін, сәйкес-тендіру құқығымен қамтамасыз етілетін техникалық құралдармен қамтамасыз етуге. Шарттың қолданылу кезінде бұзылған немесе жоғалған жағдайда Кепіл затына құқық белгілейтін және өзге де құжаттарды өз есебінен қалпына келтіруге;
5.6.7.	Кепіл затын жоғалту немесе бұлдіру катерінің туындағаны туралы Кепіл ұстау-шыны дереу жазбаша хабардар етуге және осындай катердің алдын алу жөнін-дегі барлық ықтимал шараларды қабылдауға;
5.6.8.	алдын ала жазбаша келісімімен немесе Кепіл ұстаушының жазбаша талабы бой-ынша Кепіл затының нарықтық құны жоғалған, бүлінген, жойылған немесе елеулі түрде азайған жағдайда немесе заң актілерінде немесе орындау үшін өзге де мін-детті актілерде белгіленген негіздер бойынша Кепіл берушінің оған меншік құқығы тоқтатылған кезде Кепіл затын басқа тең бағалы және өтімді мүлікпен алмастыруға;

5.6.9.	кепіл заты жоғалған, бүлінген, жойылған жағдайда дереу:
(i)	бұл туралы өздерінің құзыретіне қарай тиісті органдар мен ұйымдарды (ішкі істер органдарының бөлімшелері, өртке қарсы қызмет органдары, авариялық қызметтер) хабардау етуге;
(ii)	тиісті мән-жай басталған кезден бастап 24 сағаттан кешіктірмей бұл туралы Кепіл ұстаушыны хабардар етуге және сактандыру төлемі болмаған жағдайда не-месе Кепіл затын басқа ауыртпалық салынбаған, тең бағалы және өтімді мүлікпен ауыстыруға немесе өз қаражаты есебінен Кепіл затын қалпына келтіруге;
5.6.10.	Шартта көрсетілген Кепіл нысанасының құны жоғалған, бүлінген немесе 10 (он) және одан да көп пайызға азайған жағдайда, Кепіл ұстаушымен келісімімен Кепіл затымен мәміле жасалған кезде немесе қолданыстағы заңнамада немесе орындау үшін өзге де міндетті актілерде белгіленген негіздер бойынша Кепіл берушінің Кепіл затына меншік құқығы тоқтатылған кезде, Кепіл ұстаушының талабы бойынша осындай талапта көрсетілген мерзімде Кепіл затын қалпына келтіру немесе Кепіл затын Кепіл ұстаушының талап етуі бойынша, немесе Кепіл ұстаушыға қосымша Кепіл затын беру немесе Шарт бойынша міндеттемелерді және ДМК мерзімінен бұрын орындауға.
5.6.11.	Кепіл ұстаушыға кез келген билік ету, нұсқау, формалды жазбаша талап, рұқсат, хабарлама немесе Кепіл затына қатысты немесе оған қол тігізуді мүмкін және Кепіл берушіге мемлекеттік орган, мекеме немесе қандай да бір үшінші тарап табыс және кез келген басқа қаражат ұрсуы дереу жазбау қабалауына;
5.6.12.	Шарт жасасу және оны рәсімдеу және оны мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ тиісті тіркеуші органда кепілді тоқтатуды тіркеу бойынша барлық шығындарды көтеруге;
5.6.13.	Шарт мемлекеттік тіркелген кезден бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде тіркеуші органның оны тіркегені туралы белгісі бар Шарттың түпнұсқа данасын Кепіл ұстаушыға беруге;
5.6.14.	Кепіл ұстаушының бірінші талабы бойынша Шарттың талаптарына сәйкес Кепіл затын қорғауды қамтамасыз ету бойынша Кепіл ұстаушының барлық шығында-рын өтеуге;
5.6.15.	Кепіл ұстаушының талап етуі бойынша Кепіл затына қатысты дұрыс ақпарат пен құжаттарды ұсынуға, Кепіл ұстаушы өкілінің ол орналасқан аумаққа кедергісіз қол жеткізуді ұсыны отырып, Кепіл затының бар-жоғына, сапасына, жиын-тықтылығына және пайдалануға тексеру жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Кепіл ұстаушының осындай тексерулер жүргізу жөніндегі барлық шығыстары Кепіл берушінің есебінен жүзеге асырылады. Осы арқылы Кепіл беруші Кепіл ұстаушыға осы тармақтың шарттарына сәйкес Кепіл затын суретке түсіруді және/немесе бейнетүсіруді жүзеге асыруға сөзсіз келісім береді;
5.6.16.	Кепіл ұстаушы Кепіл затын сактандыру компаниясында және Кепіл ұстаушы ай-қындаған талаптармен Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне сактандыруында талап еткен кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде және осы іс-әрекетке байланысты келірілген шығыстарды төлеуге;
5.6.17.	ДМК және/немесе Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда, кепіл затының сот немесе соттан тыс мәжбүрлі түрде іске асырылуына кедергі келтірмеуге;
5.6.18.	Кепіл ұстаушының Кепіл затын сот немесе мәжбүрліпен соттан тыс тәртіппен өткі-зу үшін оны жөндеуге байланысты шығыстарын өтеуге;
5.6.19.	Кепіл ұстаушыға Шарт талаптарының сақталуын және Кепіл затының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға кедергі келтірмеуге;
5.6.20.	Кепіл ұстаушының бірінші талап етуі бойынша қажетті құжаттарды, оның ішінде Кепіл затына құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарының түпнұсқала-рын, Шарт бойынша Кепіл ұстаушының құқықтарын жүзеге асыру үшін сенімхат-тарды ұсынуға;
5.6.21.	Кепіл затын соттан тыс өткізу рәсімін жүргізуге кедергі келтірмеуге және Кепіл берушінің байланысты барлық шараларды қабылдауға және Кепіл затын соттан тыс өткізу рәсімін тез арада аяқтауға бағытталған іс-әрекеттер жасауға, оның ішінде Кепіл ұстаушыға, бағаланышыларға, әлеуетті сатып алушыларға оны қарап тексеру үшін Кепіл затына кедергісіз қол жеткізуге, Кепіл заты есебінен қа-нағаттандырылуға жататын берешек сомасының ұлғаюына әкеп соғатын артық, қосымша шығыстардың, шығындардың туындауына жол бермеуге;
5.6.22.	Кепіл беруші Шарттың талаптарын және Кепіл затына билік етуге қатысты осы Үлгі шарттарды орындамаған жағдайда, осындай әрекеттермен Кепіл ұстаушыға келтірілген кез келген залалды өтеуге;
5.6.23.	Кепіл ұстаушының талап етуі бойынша Кепіл затын Кепіл ұстаушымен келісімімен Кепіл затымен мәміле жасау немесе Кепіл заты болып табылатын мүлкінің нысаналы мақсаты өзгерген кезде Кепіл берушінің кінасінен Кепіл заты-ның нарықтық құны жоғалған, бүлінген, жойылған немесе елеулі түрде азайтыл-ған жағдайда, Кепіл берушінің кепіл затына меншік құқығы Кепіл берушінің кінасінен тоқтатылған кезде Кепіл ұстаушының талаптарын қанағаттандыратын өзге де өтімділігі жоғары және тең бағалы мүлікпен, ақшамен және құндылықтармен;
5.6.24.	Кепіл затының кездейсоқ жойылу немесе бүліну тәуекелін көтеруге;
5.6.25.	Кепіл ұстаушы, сондай-ақ осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орын-дамаған кейін, Кепіл ұстаушыдан Шарттың тоқтатылған туралы хатты алу, тіркеуші органда Шарттың тоқтатылғаны туралы хабарлау шараларын қабылдау және өз есебінен кепілді тоқтатуды тіркеуді талау;
5.6.26.	Кепіл берушінің жеке басшы байланысты барлық өзгерістер туралы Кепіл ұстау-шыға осындай өзгерістер болған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ақпарат беруге міндетті. Кепіл берушінің жеке басына байланысты өзгерістерге оның тұрғылықты жерінің өзгеруі, тегінің, атының, әкесінің атының (егер ол жеке басты қуанадыратын құжатқа көрсетілсе) өзгеруі, жеке басты қуанадыратын құжаттарды ауыстыру, қайтарып алынбауын пайдаланылатын байла-ныс ақпараттарын және байланыс тәсілін өзгерту жатады.
5.6.27.	Кепіл затына құқық белгілейтін және сәйкестендіру құжаттарын қайта рәсімде-ген жағдайда, тіркеуші органда жүргізілген өзгерістерді тіркеуге Кепіл ұстаушы-ның келісімін алуға құқылы.
5.7.	Кепіл ұстаушының құқықтары:
5.7.1.	Кепіл берушіден Кепіл затының құнын сақтау мақсатында (табиғи тозуын ескере отырып) оны жөндеуді қоса алғанда, Кепіл затын сақтау және пайдалану үшін қажетті және жеткілікті шаралар қолдануды талап етуге;
5.7.2.	кез келген тұлғадан (оның ішінде Кепіл берушіден) кепіл затына кез келген қол сұғушылықты немесе оған қатысты Кепіл затының нарықтық құнын жоғалтуға немесе бұлдіруге немесе елеулі түрде азайтуға қатыр төндіретін әрекетті (әре-здерді) тоқтатуды талап етуге;
5.7.3.	кез келген уақытта құжаттар бойынша және іс жүзінде Кепіл затының бар бо-луын, сақталуын, жай-күйін мен пайдалану шарттарын тексеруге, ал Кепіл беруші оған осыған барынша жәрдем көрсетуге міндетті;
5.7.4.	Кепіл беруші жоғарыда көрсетілген шартты орындамаған жағдайда ДМК, Шарт және осы Үлгі шарттар бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етеді, ал егер оның талабы қанағаттандырылмаса, Кепіл затынан өндіріп алуға;
5.7.5.	Кепіл берушіден Кепіл затының нарықтық құны жоғалған, бүлінген, елеулі түрде төмендеген жағдайларда (немесе олардың пайда болу қаупі туындаған кезде) немесе қолданыстағы заңнамада немесе орындау үшін өзге де міндетті актілерде белгіленген негіздер бойынша оған меншік құқығы тоқтатылған кезде, сондай-ақ жүргізілген Кепіл затына немесе кепіл құралына қатысты қолыақсыз мән-жайлар анықталған немесе туындаған жағдайларда ДМК бойынша міндеттемелерді дереу мерзімінен бұрын орындауды талап етуге, Кепіл беруші немесе үшінші тұлға қосымша қамтамасыз ету ретінде ұсынған немесе Кепіл берушіден Кепіл затын басқа ауыртпалық салынбаған, тең бағалы және өтімді мүлікпен ауыстыруды талап етуге, ал Кепіл затын ауыстырудан бас тартқан немесе ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда ДМК, Шарт және осы Үлгі шарттар бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын дереу орындауды талап етуге құқығы бар. Кепіл затын ауыс-тыру Кепіл ұстаушының тиісті талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуға тиіс;
5.7.6.	Кепіл беруші Шарттың талаптарын, осы Үлгі шарттарды және/немесе ДМК-ні орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Кепіл ұстаушы жіберген тиісті талапта көрсетілген мерзімде ДМК бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге, сондай-ақ ДМК-ға, Шартқа, осы Үлгі шарттарға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Кепіл затын қалпына келтіруге;
5.7.7.	Кепіл берушіден Кепіл ұстаушының Шарт бойынша өз құқықтарын жүзеге асы-ру үшін қажетті Кепіл затына түпнұсқа құқық белгілейтін және өзге де құжат-тарды Кепіл ұстаушыға беруді және беруді талап етуге;
5.7.8.	ДМК жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Кепіл затының құнынан оны соттан тыс дербес өткізу жолымен өз талаптарын қанағаттандыруға;
5.7.9.	ДМК бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін, оның ішінде ДМК бо-йынша міндеттемелер ішнара орындалған жағдайда, барлық кепіл затына кепіл құқығын сақтауға;
5.7.10.	қолданыстағы заңнамаға сәйкес, егер Кепіл затын сатудан түскен сома Кепіл ұстаушына барлық қажетті мемлекеттік өтеу үшін жеткіліксіз болса, Кепіл берушінің басқа мүлкімен жетпейтін соманы алуға;
5.7.11.	егер сактандыру шартында өзгеше белгіленбесе, Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде және Кепіл ұстаушы айқындаған талаптарда Кепіл берушіден Кепіл затын сактандыруды жүзеге асыруды талап етуге, сондай-ақ Кепіл бе-рушіден Шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне жасалған сактандыру Шарты бойынша сактандыру сыйлықақысы жыл сайын төленген жағдайда сактандыру сыйлықақысының сомасын есептеу үшін Кепіл затының нарықтық құнын тәуелсіз бағалауды жүзеге асыруды немесе жана сактандыру шартын узартуды/жасасуды талап етуге;
5.7.12.	Кепіл беруші Шарттың талаптарын және осы Үлгі шарттардың, оның ішінде Кепіл затын иелену, пайдалану, билік ету жөніндегі міндеттемелерді орындамаған жағдайда ДМК бойынша міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап етуге;
5.7.13.	Шарт бойынша талап ету құқығын үшінші тұлғаларға, оның ішінде коллекторлық компанияларға шарт ережелері және/немесе осы Үлгілік талаптар бұзылған жағдайда, Кепіл ұстаушы осындай тұлғаға өзінің ДМК талап ету құқықтарын беруге;
5.7.14.	Шарттың кез келген ережелерін, осы Үлгі шарттарды және ДМК бұзған жағдайда Кепіл затын алып қоюға;
5.7.15.	ДМК және/немесе Шарттың талаптарын бұзуды, Кепіл ұстаушының пікірі бойын-ша Кепіл затын жоғалту немесе бұлдіру, Кепіл затын оның мақсатын бұза отырып пайдалану қаупі туындаған жағдайларда қоса алғанда, оырақ шектелмей, Кепіл затын кепілге (өзінің иелігіне) алуға;
5.7.16.	Микрокредиттер беру қағидаларында көзделгендей, Кепіл берушімен Шарт бо-йынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті кез келген құжаттар мен ақпарат-ты талап етуге;
5.7.17.	Кепіл беруші Кепіл затына қатысты қорғау іс-шараларына арналған шығындар сомасын Кепіл ұстаушыға төлемге/өтемеген жағдайда, Кепіл берушінің бе-летуінен сомымен Кепіл берушіден алып қою арқылы осындай шығындарды өтеуге:
(i)	игерілмеген Микрокредит сомасы (бар болса);
(ii)	сатылған Кепіл затының сомасы;
5.7.18.	Кепіл беруші Шарттың талаптарын және/немесе Кепіл затына и

БАЙҚАУ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде «Үздік маман» байқауы қорытындыланды. Бұл байқау 2012 жылдан бері өткізіліп келеді.

КӘСІПОДАҚ ҮЗДІК МАМАНДАРДЫ МАРАПАТТАДЫ



Шараны кәсіподақ университет басшылығымен бірлесіп жүзеге асырады. Байқаудың мақсаты – ҚазҰУ-дың көмекші қызметкерлері ішінен үздік

қызметкерлерін анықтау ғана емес, оларды әлеуметтік, моральдық қолдауға және көтермелеуге бағытталған. Президент Қасым-Жомарт

Тоқаев Еңбек күніне орай сөйлеген сөзінде: «Қоғамда еңбек идеологиясын ілгерілету, өскелең ұрпақты еңбекқорлық рухында тәрбиелеу арқылы біз Қуатты және Әділ Қазақстанның берік не-

гізін қалаймыз» деген болатын. Бұл шара да осы қағидамен тамырлас.

2025 жылы «Кәсібінің үздігі» атағына 26 үміткер қатысты. Олардың арасында барлық факультеттердің өкілдері – кафедралардың, деканаттардың, зертханалардың мамандары бар. Ең бастысы үміткерлердің кемінде 2 жыл жұмыс өтілі болуы шарт. Әрі мамандар конкурсқа үш жылда бір рет қатыса алатынын да ескерген жөн.

Басқарма төрағасының орынбасары – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің бірінші проректоры Еркін Дүйсенов жеңімпаздарды құттықтап: «Біз өз еңбегімен, кәсібилігімен және ісіне адалдығымен университеттің дамуына баға жетпес үлес қосатындарды құрметтейміз. Сіздің жетістіктеріңіз – әріптестеріңіз үшін үлгі. Марапат тек еңбегін мойындау ғана емес, жаңа жетістіктерге ынталандыру болсын!» – деді.

«Парасат» кәсіподағының төрағасы Т.Мекебаев Тәуелсіздік күні қарсаңында кәсіпо-

дақ әртүрлі кәсіп пен ұрпақ адамдарын, біздің университетімізді гүлденуге жетелейтін барлық мамандарды құрметтейтінін атап өтті.

Жеңімпаздарды айқындау кезінде үміткерлердің университеттегі жұмыс өтілі, кәсіби міндеттерін мінсіз орындауы, университеттің қоғамдық өміріне қатысуы, белсенді кәсіподақ қызметі ескерілді. Барлық факультеттер мен бөлімшелер қатысушының өзі туралы әңгімелейтін бейнеролик ұсынды. Тұсаукесер роликтер әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағының Инстаграм-парағында жарияланды. Ең көп пікір жазған белсенді жанкүйерлер кәсіподақ сыйлықтарымен марапатталды.

Биология және биотехнология факультетінің маманы Бағила Әбдімәуленова барлық жеңімпаздардың атынан осындай маңызды шараны тұрақты ұйымдастырып келе жатқан «Парасат» кәсіподағы мен ЖОО әкімшілігіне алғысын білдірді.

О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ кәсіподақ комитеті
төрағасының орынбасары

С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры

ҚОРЫТЫНДЫ

«ЕҢБЕК АДАМЫ – ЕЛ МАҚТАНЫШЫ»

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қилыбай «Еңбек адамы – ел мақтанышы» атты Жұмысшы мамандықтар жылының ресми жабылу салтанатына қатысты.

Іс-шара Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған 2025 – Жұмысшы мамандықтар жылының өңірлік қорытындысы ретінде ұйымдастырылды.

Шараға өңірдің әр саласында абыройлы еңбегімен, кәсібін ұрпақтан-ұрпаққа мирас еткен 11 еңбек әулеті қатысты. Олардың қатарында теміржолшылар, энергетиктер, жүргізушілер, ауыл шаруашылығы саласының өкілдері және коммуналдық қызмет мамандары бар. Әулеттердің еңбек өтілі 26 жылдан 317 жылға дейінгі кәсіби тарихты қамтиды.

Сондай-ақ түрлі салада адал еңбек етіп жүрген мамандарға облыс әкімінің алғыс хаттары табысталды. Марапат иелерінің қатарында газ шаруашылығы, энергетика, төтенше жағдайлар, құрылыс, байланыс, коммуналдық қызмет, көлік және басқа да салалардың өкілдері бар.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

17. «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС кепіл мүлкін сату бойынша сауда-саттық өткізілетінін хабарлайды.

Сауда-саттық 29.12.2025 жылы сағат 12:00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201 кеңсе мекенжайында өткізіледі. Голландиялық әдіс бойынша келесі мүлік саудаға шығарылады:

1-лот: Mercedes C-class маркалы автокөлік, 2006 ж. ш., қозғалтқыш көлемі – 2,5 л, түсі – сұр, бастапқы бағасы – 3 098 760 теңге; Аталған мүлік Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 мекенжайында орналасқан. Өтінімдер дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылданады және сауда-саттық өтетін күнге бір күн қалғанда сағат 18:00-де аяқталады. Сауда-саттыққа қатысу үшін өтінім беру қажет. Өтінімдер мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 285/3 үй, 201 кеңсе.

Сауда-саттық жеңімпазы сатып алынған автокөлік үшін толық төлемді үш күн ішінде «Ломбард «HAYAT CAPITAL» ЖШС кассасына қолма-қол ақша түрінде төлеуі тиіс.

Сенім білдірілген тұлғаның тұрғылықты мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Порт-Артурская көшесі, 22-үй, анықтама телефоны: +7 707 283 80 28, төлем реквизиттері: ИИК KZ58722S000003993258, «Kaspi Bank» АҚ, БИК CASPKZKA.

20. Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының №2 аудандық сотының судьясы Талғат Тұрсынұлы Экзековке анасы

Мәруа Адамбайқызының

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ТАРАТУ

2. «ЭКО-Туризм-XXI» ЖШС (БСН 230340001779) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 090300, БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай ауылы, Мотайқорған көшесі, №8-үй, тел. 8 747 973 94 94.

3. «RENTAL OKS» ЖШС (БСН 230340011786) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Егізбаев көшесі, 54Б ғимарат, тел. +7 777 247 91 92.

4. «Guardian Aksai» ЖШС (БСН 120440009170) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 090300, БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Железнодорожный көшесі, 158-үй. Тел. +7 777 873 17 92.

5. «KERA» ЖШС (БСН 041140003394) (Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, К.Циолков көшесі, 4-ғимарат, н. п. 1) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, к.Циолков көшесі, 4-ғимарат, 500-кеңсе. Тел. + 7 701 599 41 37.

10. «IT Solutions Kazakhstan» ЖШС (БСН 221240009226) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шапық Шөкин көшесі, 122-ғимарат.

12. «МА Юник» ЖШС (БСН 200740001916) (ҚР, Алматы облысы, Талғар ауданы, Панфилов ауылдық округі, Қарабұлақ ауылы, Абай көшесі, 12-ғимарат, B66X7A0) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Серкебаев даңғылы, 111, 184. Тел. + 7 707 517 88 44.

13. «TK SMART» ЖШС (БСН 251240001226) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Красный Яр ауылы, Шоқан Уәлиханов көшесі, 42-үй, 1-пәтер, тел. 8 702 328 70 46.

15. ТОО «Глобус» банкроттық басқарушысы (БСН 960840000512) өз филиалдарының таратылатыны туралы хабарлайды: Шымкент қаласы (БСН 090241022623), Қостанай қаласы (БСН 061241007825), Өскемен қаласы (БСН 021241006710), Астана қаласы (БСН 050141010321), Ақтау қаласы (БСН 990541004268), БҚО Ақсай қаласы (БСН 000441005218), Тараз қаласы (БСН 100841014847), Павлодар қаласы (БСН 040741005216), Теміртау қаласы (БСН 071141008188), Қызылорда қаласы (БСН 100241011682), Ақтөбе қаласы (БСН 070141007444), Атырау қаласы (БСН 980541002399). Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 15, 4В блок, 2102 кеңсе. Тел.: +7 707 761 43 15, банкроттық басқарушы Юсупбаев Марат Анатольевичке.

18. «ЭФФИ» ЖШС (БСН 221040038361) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Астана қаласы, Алакөл көшесі, 32/2, тел. 87012140307.

19. «ИП GeTrust» толық серіктестігі (БСН 160340004598) өзінің таратылғандығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 27-шағын ауданы, 5-үй, 32-пәтер, тел. 8 775 815 42 20.

ӘРТҮРЛІ

6. Алматы қаласының Алмалы аудандық №2 сотына Момот Сергей Александровичтен Алматы қаласы, Есентай көшесі, 42-үй мекенжайында тұрған 1971 жылғы 19 тамызда туған, Алматы қаласының тумасы, еш жерде жұмыс істемеген Момот Александр Анатольевичті қайтыс болды деп тану туралы арыз түсті. Момот Александр Анатольевичтің жүрген жері туралы мәліметтері бар адамдардан және мүдделі тұлғалардан осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде Алматы қаласының Алмалы аудандық сотына мына мекенжай бойынша хабарлауды сұраймыз: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 267-үй.

7. «БеКaTa» ЖШС (БСН 061140010638) «Ariadna ENOVO» ЖШС-ға (БСН 160940024348) қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарлама шыққан күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Кеңес Барахатов көшесі, 203-үй. Тел. +7 701 513 70 71.

8. «Ariadna ENOVO» ЖШС (БСН 160940024348) өзіне «БеКaTa» ЖШС-ін (БСН 061140010638) қосу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Кеңес Барахатов көшесі, 203-үй. Тел. +7 701 513 70 71.

11. Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 5 желтоқсан 2025 жылғы Ұйғарымымен «ОрдаСтройИндустрия» (ЖСН 150640011849) ЖШС-не оңалту рәсімі қозғалды. Кредиторлардың талап-тілектері мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, С. Мұқанов көшесі, 110-үй.

14. «CAR CITY» (КАР СИТИ) АИЖМҚ» АҚ (БСН 040240001001) жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанына қайта құрылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылатындығы туралы хабарлайды. Несие берушілердің талаптары екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: 050031, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Баян ауыл шағын ауданы, 57А.

16. «Мадн Хаджн» атындағы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2026 жылдың 19 қаңтары, сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Шіркейлі ауылындағы, Ж. Құттыбаев көшесі, № 4 мекенжайында орналасқан Қ. Мұхамеджанов атындағы Мәдениет үйінде, серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды. Күн тәртібінде, «ҚазАгроҚаржы» АҚ-на қаржылық лизинг шарттары бойынша қайта құрылымдар (реструктуризация) алу үшін.

«Мадн Хаджн» ЖШС-нің әкімшілігі
БСН 040 440 019 227

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривошова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8090704.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media pagekz»ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

Бас тергеуші

Аспанды торлаған көшкін бұлт үдере соққан желдің екпінімен ыққа қарай жөңкілуде. Ауық-ауық себелеп жауған жаңбыр тамшылары көліктің әйнегіне соғып, төмен сорғалайды. Соңғы он жылдықта салынған шағын ауданның көшелерін сүзіп, қайтыс болатын банкирдің соңғы рет барған саунасын таба алмай әуруге түскен тергеуші «жолдас сыщик, болдырайын дегенсің бе?» деп, іштей күйгелектеніп келе жатқанда, оң жағындағы ескілеу үйдің маңдайшасындағы жазуға көзі түсіп, осы арадан талай рет өткенде, аңғармағанына таң қалды. Бір пысықай көне үйдің сыртын сылап-сипап, сауна жасай салыпты.

Райстың нарық заңымен келіспейтін бір нәрсесі – ол ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп үйренгендерге қалай байысаң, солай байы, әйтүір байы деп ұзын арқан, кең тұсау салып жібергендігі. Мүмкін, бұл өткен ғасырдағы жаңа экономикалық саясатпен бара-бар уақытша кеңшілік шығар. Солай бола тұрса да, заңның әрпін кемірген оған бүгінгі беталыстың құйтырқы жақтары көп боп көрінеді. Бай болуға барын салғандар өлген-тірілгеніне қарамай, бірінен-бірі асып түсу марафонына қатысып, қоғамды қомағайлық, қанағатсыздық жәйлап бара жатқандай.

Тергеу басшысы саунаның дабыл түймесін басқанда, іштен шашы ұйпа-тұйпа, ұйқылы ояу жас жігіт көрінді.

- Бұл саунаның қожайыны кім?
- Мен.
- Сен немене өзің күзетші, өзің қожайынсың ба?
- Иә, күндіз адам көп болмайды. Сосын өзім отырам да, кешке қызметші жалдаймын.
- Тергеу басқармасының басшысымын.
- Бұрын тергеуші келген. Енді бастығының өзі келсе, басимызға бақ қонайын деген екен.
- Бақ па, сор ма, оны көре жатармыз...
- Сіз де банкирдің өлімі жайлы келген боларсыз. Саунаға мың сан адам келеді. Ол да солардың бірі.
- Әрине, дегенмен, банкирдің асқазанынан у табылды. Ол саунадан шыққан соң, саяжайына барып, қайтыс болған. У-ды осы саунаның ішінде қызмет жасайтындар немесе оған келгендердің бірі салғаны факті.
- Көрген-білгенімнің бәрін сізден бұрын жауап алған тергеушіге айтқанмын.
- Осы саунаға банкир тұрақты келетін бе еді?
- Иә.
- Ашыналарымен де осында кездесе ме?! Сіздің саунаңызда кездесетін көңілдерестерін білесіз бе?
- Стюардесса. Арасында бір сары шашты менеджер қызбен де келіп-кететін. Бәрін бірдей есте ұстау мүмкін емес қой. Бізге ақшасын төлесе бопты.
- Бөлек кабинасы бар ма?
- Әрине.
- Ал оған қызмет көрсетуші кім?
- Түнгі күзетші арақ-шараптарын апарып береді.
- Сол күнгі күзетші кім болды? Өзіңіз болдыңыз ба?
- Ол жігіт жұмыстан шығып кетті.
- Неге?!
- Оны айтқан жоқ. Айлығы жақсы жұмыс тауып алдым деген.
- Қайдан?
- Банкіден деді ғой деймін.
- Аты-жөнін айтыңызшы?
- Пірімбетов Сайын.
- Ол жігіттің мінез-құлқы, тәртібі жайлы не білесіз?
- Ну, жас жігіт қой, арасында ішіп қояды. Жеңілтектеу.
- Қай банкіге жұмысқа тұрды?
- Қазір, ана жақта әйелім жүр, содан сұрап білейін. Ол сылбыр көтеріліп, ішкі есікке енді. Көп ұзамай қайта шықты да:
- Қайтыс болатын банкирдің мекемесіне дейді.

- Бұл жігіттің ұшы болар ма?! Ол бірнәрсе айтып қоймай, көз алдымда жүрсін деп, әдейі шақырды ма екен?! – Сауна нешеге дейін жұмыс істейді?
- Таң атқанша...
 - Ал ана қайтыс болатын банкир сол түні сағат нешеде шықты? Қасында кімдер болды?
 - Оны мен білмеймін. Сол күні ке-



БАНКИРДІҢ ӨЛІМІ

зекші болған – Сайын. Айтпақшы, Ұлтуған бар ғой, еден жуатын әйел, білсе сол білер. Қазір шақырайын. Қолына еден сүрттетін сулығы мен таяқшасын сүйретіп кірген орта жастағы әйел қарсы орындыққа отырды.

– Сіз сол күні жұмыста болған екенсіз, не байқадыңыз?

– Банкир сол күні көңілсіз келді. Ұялы телефонмен біреулерге қатты ұрысты. Стюардессамен де әңгімелері жараспады ма, көп отырмады.

– Оларға біреу шарап немесе арақ апарды ма?

– Стюардесса сыра ішеді. Бір бокал сыраны қызмет көрсетуші, кірген бойына апарады. Бұл жолы да солай болды. Алайда, сол күні стюардесса ауыз тимеген болуы керек, тез шықты. Сірә, сырасын ішпеген де болар.

– Ішпесе, сол сыраны банкирдің өзі ішіп қоюы мүмкін бе?

– Мүмкін, әшейінде көңілдесі жартылай ішіп, қалғанын оған беріп отырғанын талай көргем.

– Сосын не болды?!

Сосын мен басқа кабиналарды тазартуға кеттім. Бір айналып келіп, ол отырған кабинаның есігін ашып қарасам, банкир ағаш тақтаның үстінде шалқасынан түсіп, ұйықтап жатты.

– Ұйықтап жатты ма, әлде өліп қалды ма?

– О жағын анық біле алмадым. Жақын барып, қарамадым. Ішіп алған еркектерде жөн болмайды. Жанына баруға жүрексіндім. Ішімнен ұйқы қанған соң, тұрарсың дедім де, есігін жаптым. Арада бірер сағаттай уақыт өткенде, екі жігіт пен бір қыз қолтығынан сүйемелдеп, сыртқа сүйреп бара жатқанын көріп қалдым.

– Оларды танысыз ба?

– Жігіттерді бірінші рет көруім. Ал қыз банкирдің қызметтегі көңілдесі – менеджер.

– Сөздерін естідіңіз бе?

– Иә.

– Уланып қалған болу керек. Аузына сү құйыңдар! – деп дабырласып бара жатқан.

– Жүрегі соға ма?! Есін біле ме?– дегендерін анық естідім. Бір байқағаным, аяғы сүйретіліп бара жатты.

– Онда ол өліп қалған болды ғой.

– О жағын білмедім. Менің көрген-білгенім осы.

– Сізге рақмет.

Райс орнынан тұрды. Сонда түйіннің шешуі қайда?! Шынымен бұл қылмыста әйелдердің өзара қызғанышының ізі бар ма? Не болса да, сол күнгі күзетшіден, менеджерден, стюардессадан жауап алу керек.

2

Тергеу басшысы сарапшы-криминалистерді тыңдап болған соң, тергеу амалдарын таразыға салды. Содан соң қызметкерлерімен лездеме

өткізді де, жиналғандарға, сауалдарың бар ма дегендей жіті көз тікті.

– Райс Сапарұлы, банктің қаржылық операцияларын қалай тексереміз? Прокуратура оны тексеруге рұқсат бере ме? – Жаңадан ғана бөлім бастығы болған жігіт қолындағы қағаздарын төңкерістіріп, әлде біреулерге көңілі толмағандай, мұрнының астынан міңгірледі.

– Ол үшін тексерудің қажеттігін дәлелдеңіз. Қаржы полициясын тартыңыз. Олар финанс жағына талдау жасап, ірі қаржы махинациясы орын алған жоқ па екен, соны біліп берсін. Егер акционердің бірі ақшаны ысырапқа ұшыратып немесе басқалай операциялар жасаған жағдайда, өзінің бәсекелесін жолынан тайдыру амалдарын жасау нарық заңының регрессивтік тәсілі. Ондайда олар кедергі келтірушіні қалайда құртуға жанталасып әрекет етеді. Киллер жалдауы да мүмкін. Мысалға, қайтыс болған банкирдің акционерлері, орынбасарлары қандай? Олардың қаржылық капиталы, коммерциялық табыс көзі. Осындай мәліметтер біздің алақанымызда жатуы тиіс. Тың деректер табылса, жедел хабарласыңдар. Барлық уақытта байланыстамын. Ол осымен бітті дегендей қадап айтса да сұрақ қойған тергеуші:

– Ол акционерлік қоғам. Қаржылық операцияларын қалай тексереміз? – деп орнынан қозғалақтады.

– Акционерлік қоғам болсын, жеке меншік иесі болсын барлығына заң біреу. Олар түріне, меншігіне қарамастан республика аумағында күші бар заңға бағынады, соның шеңберінде жұмыс жасайды. Сондықтан қылмысты ашу барысындағы іс-әрекеттердің қандайына болсын батыл кірісуге құқылысыздар...

– Рұқсат па, – тергеуші қыз қолын көтерді.

– Сұраңыз.

– Акционерлерге тексерудің мәнін қалай түсіндіреміз?

– Ешқандай түсіндірудің қажеті жоқ. Ондағы ақшаға тірелетін операциялардың заңдылығына көз жеткізіміз дейсіздер. Акционерлердің өзара үлесін, түскен табысты қалай бөлісетінін, үкіметке төленетін салықтардың уақытылы түсіп тұратындығына көз жеткізесіздер. Заңсыз қаржы шығыны жоқ па, егер есбір бұзушылық болмаса, акционерлердің қылмысқа қатысы болмағаны.

– Түсінікті.

– Онда босссыздар.

Райс қызметкерлері шыққан соң банкирдің орынбасарының нөмірін терді:

– Тыңдап тұрмын.

– Бұл тергеу басқармасының басшысы полковник – Райс Сапарұлы. – Сізбен кездесуім керек.

– Не жайлы?

– Банкирдің өлімі жайлы?!

– Оған менің қандай қатысым бар?

– Сіздің қатысыңыз бар деп айтқан жоқпын. Кейбір мәселелер бойынша сауалдарға жауап беруіңіз керек.

– Сонда бұл жауап алу ма?

– Солай деуге де болады. Кездесетін уақыты белгілейік.

– Сағат үш.

– Жақсы.

Полковник алдындағы қағазға қарап, екінші дәрежелі банкіден бір жыл ішінде жұмыстан шығарылғандардың тізіміне үңілді. Оның ішінде бұрын сотталған үш күзетшінің аты-жөні тіркелген. Олардың не үшін, қанша отырғандары туралы да мәліметтер жинақталған. «Жарайсындар, жігіттер, біраз тер төккен екенсіңдер». Демек, осылардың әрқайсысының сенбі күні түнде қайда болғанын анықтау керек. Оған қоса осы арада Бертильонаж теориясын қолданып, бұрын қылмыс жасағандардың түрі-түсін, кескін-келбетін, бой өлшемін, саусақтарының ізін электрондық жүйенің бір орталықтанған қорымен салыстыратын мүмкіндік болса, қылмысты ашу процесі әлдеқайда жеңілдер еді.

Мәселен, ол барлық адамдарды бас сүйегінің ұзындығына қарай үш топқа бөледі. Әрбір топ бас сүйек ені-

– Банкіде не болып жатқанын бес саусақтай біліп отырып, қамсыз қылымсуың-ай, саған мен өліп қалсам да бәрібір шығар, – деп аяқ астынан тарс жарылды да, орындығын қаттырақ ысырып, екінші қабатқа беттеді.

Қосылғалы мұндай дүңк етпе мінез танытпаған ерінің қылығына таң қалған Сайраш не орнында отыраын, не соңынан ерерін білмей дағдарды. Бетіне жел боп тимейтін күйеуінің аяқ астынан ши шығаруы тегіннен-тегін емес екендігін сезген әйелдің жүрегі суыңды. Күтушісі:

– Апай, түскі асты дұрыс алмадыңыздар ғой, жинап тастайын ба?– дегенде ғана есін жиды.

– Жақсы, жинасаң жинай ғой, ағанның басы ауырды, мен де онша мәз болмай тұрмын. Мүмкін, бүгін магнитті күн болар.

– Иә, мына көрші үйдегі Мағрипа апайдың да қан қысымы көтеріліп, ауырып қалды. Дәріханадан дәрі-дәрмегін әкеп бердім.

– Айттым ғой, ауа-райының бір кінәраты бар. Жібек халатының кезегін жүре түзеген сұңғақ бойлы тербез келіншек, жоғары қабаттағы жатын бөлменің есігіне таянғанда, ұялы телефонмен сөйлескен ерінің даусын анық естіді.

– Бәке, қызықсыз, өлетін адам өлді. Оған бола бүкіл қаржы операциясын тексерудің қандай қажеттігі бар? Түстен кейін қаржы полициясының адамдары келмекші? Заңы солай дейсіз. Заң деген биліктің қолында емес пе? Сіздің де бар қолқаңызды орындадық. Маған солардың тексермегені керек. Анау сауда үйін салғанда несиеге алған, бірталай қарыздарым болатын. Соның орнын толтыруға үлгере алмадым. Әр жақтағы адам ұзын-сонар әңгімеге кетсе керек қаржыгер:

– Ә-ә...мм...ым ..., солай деңіз, түсінбейтін не бар... Түсінем ғой.... Қысқасы, менің өтінішімді орындай алмайтын болдыңыз ғой. Ақша керек уақытта, жанымынан шықпайтындар, жаным қысылғанда, жон арқасын беріп жорыта жөнелетіндігін ойламаппын. Артық айтсам, айып етпеңіз...

Жүрсіннің сөйлесіп болуын күткен жас әйел майпаңдап жанына жақын-дады.

– Не болды?! Маған айтпаймысыз? Басын құс жастықтан көтеріп алған қожайын:

– Сен не сотпысың, прокурормысың?! Неге саған айтуым керек! Бәріңе керек тек бір-ақ нәрсе – ол ақша! Ертең сотталып кетсем, мен келгенше, сен де байға шығып тынасың. Егер ақшаны оңды-солды шашып, көңіліңді таппасам, сен де маған тимейтін едің. Солай емес пе?!

Сайраштың аппақ өңі бозарып, қой көздері шарасынан шыға, ұшы шошақтау мұрны қусырылып, жұп-жұқа ерні дірілдеді. Аузына келгенді құсып жатқан азулы күшке қазір не айтса да өтпейтін сияқты. Отызға дейін оң жақта отырып қалса да, бетінің әрі, сөзінің нәрі бойында бойжеткенді бір көргеннен ұнатқан Жүрсін жиырма жыл отасқан әйелінен жеріп шыға келген-ді. Ойға алған мақсатына жету үшін, некелі әйелімен айырылысып, сүр бойдақ атанып, бозбала басқап, қыздың кабинетіне күніне жүз кіріп, жүз шығатын. Андыған алмай қоймайдының керіп келтіріп, ақыры үйленіп тынды. Сайраштың төркін жағы болса «отырған қыз орын табар» деген, билік барсындағы апталдай азаматқа бұйырды деп, күйеудің бұрын екі баласы мен әйелін тастаған айыбын бетіне баспай, екі жақ майдай жұғысып кеткен. Тұрмысқа шыққалы біраз болса да, нәресте сүйе алмай, ішқұса болып жүрген келіншекке күйеуінің аяқ астынан мінез көрсетуі шаншудай қадалды.

– Қылмысы жоқ адам, қараптан қарап қорықпайды. Неге сонша абыр-жисыз? – деп тіксіне сауал қойды.

– Сенің ойыңша, мынадай сенді сарай, қымбат жиһаз, ана салынып жатқан Сауда үйі айлыққа келіп жатыр екен ғой.

– Әрине, айлыққа келіп жатқан жоқ. Клиенттерге несие беріп, содан ақша айналдырып жүрген жоқсыздар ма?

Зияш ТЕЛЕУОВА

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6052 дана
Апталық таралым 12104 дана

Тапсырыс №191 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31